

Түркі қағанаты дәуіріндегі Алтайдың тарихи географиясы (VI-XIII ғғ.)

Аңдатпа. Мақалада көне түркілер өмір сүрген және қағанат құрған дәуірлердегі (б.д. V-VIII ғасырлар) Алтайлық ареалда орын алған саяси, экономикалық және мәдени өзгерістер зерттелген. Бұл үшін ең әуелі түркі дәуірінің қарсаңында Алтайды және оның айналасын мекендеген түрлі этностар (гаошэ, динлин, тоғыз оғыз, басмыл) мен олардың көк түріктерге этникалық қатысы, көші-қоны, саяси байланыстары қарастырылды. Сонымен бірге, көк түріктердің өсіп-өнуі мен мемлекеттілігінің түпкі бастауы туралы аңыз-әңгімелерге маңыз бере отырып, олардың Алтай тауын орталық етіп құрған Алғашқы Түркі қағанаты және оның шығыс-батыс екі қанатқа бөлінуі, Батыс Түрік қағанаты мен Шығыс Түркі қағанатының Таң империясымен қарым-қатынасы туралы зерттелді. Осынау тарихи процесстердегі Алтай аймағының геосаяси орны көрнектілендірілді. Себебі, Алтай аймағы әлемдік тарихи процесстерде жетекші рөл ойнаған аймақ, Дүниежүзі тарихына белсенді әсер еткен үш үлкен империя алғаш Алтайда құрылып, одан жер жүзіне қанат жайған. Олар Хүн, Көк Түрік және Шыңғыс хан империялары. Әрине, осы аталған империялардың бәрінің Алтайды түпкі тірек ете көтеріліп, дүниежүзіне ықпал етуі кездейсоқ жағдай емес. Мақалада тек түркі дәуіріне тән түрлі жағдаяттарды жіті зерттеу арқылы Алтайдың түркі халықтарының рухани өміріндегі орны мен рөліне, әсіресе, түпкі атажұрттық маңызына тоқталады. Бірінші бөлімде түркілердің тарих сахнасына шығуындағы Алтайдың рөлі қарастырылды. Онда алдымен Шығыс Түркістанның (КХР Синьцзян өлкесі) солтүстік-шығыс бөлігіндегі Богда, Бәйтік және Алтай тауы орналасқан үшбұрышты аймақ, Алтайдың терістігі, Таулы Алтай өлкесі, сондай-ақ, Саян және Енисей ойпаты бір бүтін тарихи-географиялық аймақ ретінде талдап алынды. Бұл біз үнемі айтатын алтайлық ареал болып табылады.

Мақалада осынау байтақ кеңістіктің ортасында тұрған Алтай тауының түркілердің өсіп-өнуі мен мемлекет құруындағы және сыртқы әлемге әсер етудегі рухани, шаруашылық және саяси рөлі айқындалды. Ол үшін Қытайдың «Солтүстік хандықтар тарихы», «Чжоу кітабы», «Суй кітабы» секілді тарихи деректерінде жазылған түркілердің шығу тегіне қатысты аңыздарда айтылатын тарихи-географиялық белгілерге маңыз берілді. Бұл деректердің барлығы көне түркілерді б.з. V ғасырдың кейінгі жартысында Гаочанның (Идіқұттың) солтүстік етегінен Алтай тауына және оның төңірегіндегі жерлерге дейін мекен етті деп жазады. Ендеше, түркілер бұған дейін қалай аталды және қай жерлерде жүрді? Бұл сұраққа жауап беру үшін мақаланың екінші бөлімінде түркілерді қалыптастырған бірнеше этностың тарихына қысқаша тоқталып өтеді. Олар ертеден Алтайды мекендеген, бірінен соң бірі мемлекет құрған Динлин, Гаошэ, Басмыл және Тоғыз оғыздар. Мақалада олардың тарих сахнасына шығуы, бір-бірімен байланысы, көші-қоны және мәдени-шаруашылық дамуы хронологиялық тәртіппен зерттелді.

Үшінші бөлім Түркі қағанаты кезінде Алтайда орын алған саяси оқиғаларды зерттеуге арналды. VI ғасырдың орта кезінде түріктер Алтайды мекендеген телілердің ішінен өсіп шықты. Олар «Суй кітабында» айтылатын Байқал көлінен Еділ өзеніне, оңтүстікте Еренқабырғага (Тянь-Шаньның солтүстік етегі) дейін кең жайылған 41 тайпалы телілердің ішінде Алтай тауының оңтүстік-батысын мекендеген Суэянто (хуэянтю),

Дэлэ-эр (Dieleer), Шипань (Shipan), Дақи (Daqi) қатарлы тайпалар еді. 546 жылы оғыздарды қамтыған өзге тели тайпалары бірігіп жоужандарға қарсы шабуылға шықты. Түмен қаған Тели тайпаларын бастап шығып, көтеріліс жасап, 50 мың қосынды өзіне қаратып алды. Осыдан бастап, олардың күш-қуаты арта түсті. Мақала да түркілердің тарих сахнасына шығудағы осындай алғы шарттар жіті зерттеліп, Түркі қағанаты кезінде Алтайдың Шығыс және Батыс Түркі қағанаттарының орталығы, кейін шекарасы болғандығы, осында орын алған оқиғалардың әр екі тарапқа да әсер етіп отырғаны атап көрсетілді. Сонымен бірге, Алтайда туылған, әрі Батыс және Шығыс Түркі қағанаттарының саяси өміріне әсер еткен ірі оқиғалар қарастырылды.

Түйін сөздер: Алтай және Богда тауы; Түркі дәуірінің қарсаңы; түркілер туралы аңыздар; Алтай-Саян өлкесі; қырғыздар; темірішілік; сауда; жазу мәдениеті.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-136-3-40-61>

Түсті: 20.07.2021 / Жарияланымға рұқсат етілді: 02.08.2021

Кіріспе

Түркі дәуірі Алтайдың Еуразия тарихында қайтадан әйгілі болу дәуірі. Бұл кезде ежелгі хұндардан соң Ұлы Дала төсінде өмір сүрген байырғы этностар қайтадан бір географиялық орталыққа топтаса бастады. Бұл орталық Алтай және оның айналасындағы аймақтар болатын. Сол тұрғыдан алғанда, Алтайдың еуразиялық кеңістіктегі көшпенді халықтардың саяси, мәдени, шаруашылық және рухани өміріндегі орны айырықша екенін көруге болады. Яғни, ол түркілер үшін саяси ғана емес, рухани-мәдени және шаруашылық орталық болды. Олар Алтай тауынан тұрмыстық қажеттіліктерін ғана алып қоймай, одан үлкен рухани күш алды. Сол себепті, көне түркілердің ұғымында Алтайдың мифтік, діни маңызы айырықша болды. Бұл әсер күні бүгінге дейін жалғасып келеді. Бүкіл жер бетіндегі түркі халықтары Алтайды өздерінің ана Отаны санайды. Сондықтан, біз бұл мақаламызда Алтай регионы, яғни мемлекеттік шекараларға бөлінбейтін географиялық Алтай көне түркілердің тарихында қандай маңызды рөл атқарды деген мәселеге арнайы тоқталғанды жөн көрдік.

Әдістеме

Мақала көне түркілердің тарихи-географиясына арналғандықтан, түркі

дәуіріндегі Алтайды зерттеу сол кезге тән көне түркі ескерткіштері мен қытай түпнұсқаларын салыстыра талдау арқылы жүзеге асты. Бұдан өзге тағы да тарихи сипаттамалық, тарихи-типологиялық, сонхронды-салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талқылау

Түркілер тарих сахнасына шығудан бұрын да олардың тарихы аңыз түрінде Алтаймен және оның төңірегіндегі географиялық белгілермен байланысы сөз болады. Қытай деректері олардың мемлекеттілік тарихын осы аңыздардан соң бірден баяндайды. Дегенмен, олар аңыз бен мемлекеттіліктің арасында да ұзақ тарихи кезеңдерді бастарынан кешті. Бұл кезеңде олардың ата-бабалары Динлин, Гаошэ, Басмыл және Тоғыз оғыз деген әр түрлі этникалық бірлестіктердің құрамында болды. Түркі қағанатының құрылуы оларды әлемдік тарихи аренаға шығарды. Төменде біз Түркі дәуіріндегі Алтай тарихын осы үш кезең тұрғысынан жеке-жеке зерттемекпіз.

1. Түркілердің тарих сахнасына шығуындағы Алтайдың рөлі

Түркілердің қайдан шыққаны туралы аңыздардың көбі оларды географиялық тұрғыдан қазіргі Шығыс Түркістанның солтүстік-шығысымен байланыстырады. Бұл негізінен Қытайдағы Тянь-Шань тау сілемінің

солтүстік-шығыс тарапы болып табылады. Нақтылап айтқанда, қазіргі Үрімжі қаласының шығысындағы Боғда тауынан Алтай тауына, одан Байтік тауына дейінгі үшбұрышты кеңістік. Бұл қазіргі Құрбан-тұңғыт шөлінің $\frac{3}{4}$ бөлігін толық қамтып жатқан аймақ. Қытай деректері бұл өңірді түріктердің ата-бабасынан өсіп-өнген, тіршілік еткен және басқа этностармен күресе жүріп тарих сахнасына шыққан аймағы ретінде көрсетеді. Ондай болса, біз ең әуелі сол аңыздарға және ондағы географиялық белгілерге назар аударып көрейік.

Бірінші аңыз: Түркілердің шығу тегі туралы Таң дәуіріндегі тарихшы Ли Яншоудың (李延寿) «Солтүстік хандықтар тарихы» (北史) атты еңбегіндегі оларды Батыс теңіздің оң қанатындағы илидердің (海右遺黎) ұрпағы дейтін аңыз [1; 2663 б.]. Осында автор илидерді Батыс теңіздің (қазіргі Арал теңізі) оң (шығыс-авт.) жағында жасаған әрі ғұндардың басқа бір әулетінен тараған тәуелсіз түркі тайпасы ретінде сипаттайды. Бұл тіркестің өзінен де «теңіздің оң жағындағы тәуелсіз тайпа» деген мағына шығады. Кітапта жазылуынша, олардың тегі (фамилиясы) Ашина. Кейін көрші тайпа тарапынан талқандалып, жойылып кетеді. Бірақ бір он жастағы ер баланы жасақтар баласынып, өлтіруге қимай аяқ-қолын кесіп, иен далаға тастап кетеді. Оны бір ұрғашы бөрі ет әкеліп беріп асырайды. Бала ержеткен соң, бұл бөрімен жақындасып, бөрі одан буаз болады. Көрші елдің ханы бұл баланың тірі екенін естіп, оны өлтіруге тағы да адам жібереді. Жіберген адам баланың қасындағы қасқырды көріп, баламен бірге оны да өлтірмекші болады. Сол тұста, ғайыптан бір хикмет күш әлгі бөріні Батыс теңіздің шығысынан лақтырғанда Идіқұттың солтүстік-батысындағы тауға жеткізеді. Бөрі сондағы бір үңгірге кіріп, онда айналасы жүздеген ли келетін, төрт төңірегі таумен қоршалған шалғынды жазық жерге кезігеді. Осыдан соң, қаншық бөрі он ұл тапты. Он ұлы ержеткен соң, әйел алып, бала сүйіп, өсіп-өрбиді. Олардың әрқайсысының өз тегі болды. Ашина солардың бірінің тегі.

Ол өте ақылды болғандықтан, елі оны хан көтерді. Тегімді ұмытпаймын деп, ол бөрі басты туын қақпасына іліп қоятын еді. Олар өсіп-өніп бірнеше жүз отбасы болды. Арада талай жыл өткен соң, олардан Ағын шад деген кісі өз ұлысын бастап, таудағы үңгірден шығып, Жоужандарға (蠕蠕) бағынышты болды. Аңыздың «Чжоу кітабындағы» (周书) вариантында оларды үңгірден бастап шыққан Ағын шад Алтынтауды (Алтайды) мекен етіп, жоужандарға темірші құл болады.

«Солтүстік хандықтар тарихындағы» аңызда ғажайып күштің көк бөріні Идіқұттың солтүстік-батысындағы тауға жеткізуі назар аударады. Бұл тау географиялық жайғасымынан қарағанда қазіргі Боғда тауына тура келеді. «Боғда» сөзі көне түрікше «Тәңір» немесе «Тәңірдің тұрағы», «Тәңірдің тағы» деген сөздің баламасы. Демек, киелі тау деген ұғымды білдіреді. Оның киелі болуы жоғарыда айтылған бөрі аңызымен байланысты. Яғни, ол түркілердің киелі төтемі Көк Бөрінің ұялап, балалаған жері. Мұндайда Қытай деректері мен түркілердің көне нанымы бірін бірі толықтай, дәлелдей түседі. Аңыз бойынша түркілер сол Көк Бөріден тарайды. Боғда тауы Үрімжінің шығысында небары 20-25 км. жерде ғана. Оның ақ қар, көк мұз құрған ең биік шыңы теңіз деңгейінен 5445 м. Бұл әлгінде біз айтқан үш бұрышты зонаның оңтүстік нүктесі. Аңыз бойынша түріктер алдымен осы тауда Көк Бөріден өсіп-өніп, одан соң Алтай тауын барып мекендейді, сонда қағанат құрады.

Екінші аңыз Линху Дэфэннің (令狐德棻) «Чжоу кітабында» (周书) келтіріледі. Онда былай делінеді: Түріктердің арғы аталары хұндардың терістігіндегі Со (索) елінен шыққан. Олардың тайпа көсемі Абамбек. Олар он жеті ағайынды болыпты. Оның бірі Едон Шида деген екен. Ол бөріден туған. Абам Бектер тумысынан өте ақымақ болды да, мемлекеті жойылып кетті. Ал Еден Шиданың табиғаттың өзгеше құбылыстарын сезетін қасиеті бар болатын. Ол күнді жауғызып, жел соқтыра алатын. Ол екі әйел алды. Олар Жаз құдайы мен Қыс құдайының қыздары еді. Оның біреуі бір құрсақ көтеріп төрт ұл тапты. Ұлдардың бірі Аққуға айналды; Біреуі

Абасу (Абахан)¹ мен Кем өзендері арасынан Қырғыз деген мемлекет құрды; Енді бірі Чучжи суының (处折水) бойынан мемлекет құрды. Тағы бірі Бас Чучжи тауын (跋斯处折) мекеңдеді. Бұл оның үлкен ұлы еді. Бұл тауда Абам бектің ұрпақтары да өмір сүрді. Олар көбінесе аш-жалаңаш жүруші еді. Үлкен ұлы от шығарып олардың бойларын жылтты, асырады және барлығына қолғабысын тигізді. Сонымен олар Үлкен ұлды қошаметтеп, өздерінің билеушісі етіп сайлады. Бұған Түрік деген ат берілді. Оның өз аты Нағыт Түрік шад еді. Нағыт Түріктің он әйелі болды. Балаларының барлығы шешелерінің фамилиясымен аталды. Ашина- оның кіші әйелінің баласы еді. Нағыт Түрік өлгеннен соң, он әйелдің балалары өздерінің ішінен біреуді таққа отырғызуды ұйғарды. Олар бір бәйтеректің түбіне жиналды. «Қайсымыз осы бәйтерекке жоғары секірсек, сол таққа отырады» деп уәделесті. Ашина жасының кішілігіне қарамай бәрінен биік секірді. Сөйтіп, бауырлары оны Ағын шад деген атпен қошаметтеп таққа отырғызды [2; 120 б.].

Бұл аңыз керісінше түріктердің пайда болуын Алтай тауының солтүстігіндегі Саян-Алтай тауларының түйілісі тұсынан іздейді. Заңғар таулармен қоршалып, ну орманмен көмкерілген, сондай-ақ, Қатун, Бие, Енисей өзендерінің су жинаушы бассейні болып табылатын бұл өлке ерте заманна адамдардың өсіп-өнуіне қолайлы өңір болатын. Мұнда тіршілікке қажетті су, орман, жабайы аңдар мен балық және жеміс-жидектің түр-түрі бар еді. Климаттық жағынан қарағанда орманды заңғар таулардың сай-саласы қыста адамдарды боран-шашыннан сақтаса, жазда саялы, мал-жанға қолайлы болып келеді. Сондықтан, онда Қыс құдайы мен Жаз құдайы ерекше әспеттеледі. Олар әрі жарық пен қараңғылықтың да құдайы болды [3; -372-374 бб.]. Аңыз кейіпкері олардың қыздарына үйленеді. Алтай-Саян өлкесі ұзақ қысты, қараңғылықты бастан өткізеді. Ол жерде

оттың рөлі айырықша. Сол үшін Бөріден туған Ежен Шиданың үлкен ұлы Түрік от шығарып халқын жылытады.

Шын мәнінде, Саян-Алтай жоталары бөліп-жаруға келмейтін біртұтас географиялық аймақ. Ұзақ тарих бедерінде аймақтағы саяси жағдайлар да бір-біріне тығыз әсер етіп отырған. Осында түріктерге дейін де олардың ата-бабалары Хүн, Динлин, Теле деген аттармен өмір сүріп келді. Өзгеріс біздің заманымыздың III-IV ғасырларында орын алды. Халықтың түпкі генефонды сақталып қалып, олардың атаулары өзгерді. Бұрынғы бір үлкен бәйтеректің түрлі бұтақтары пайда болды. Соған қарамастан, Оңтүстік Сібір мен Алтайлық ареал Ертіс өзеніне дейінгі аралықта баз-баяғыдай бір бүтін этно-мәдени кеңістік ретінде өмір сүріп тұрды.

Бұл кезде Оңтүстік Сібірдегі тайпалар одағы екі түрлі этникалық топтан құрам тапты. Бірі – таза түрік текті чик, қырғыздар. Екіншісі – сомоди-түрік компоненті. Бұл компоненттің негізгі тайпасы хакас деп аталатын. Ал қырғыздар хакас іспетті Енисей тайпаларының аристократтары болды. Өйткені ондағы барлық билік, артықшылық қырғыздардың қолында еді. Сөйтіп, Минус ойпатындағы әр түрлі этникалық тайпалардан құрылған хандық Қырғыз (қытайша-Цзяньгунь 坚昆) атанды [4; 170 б.].

Қырғыз тарихының ұзақтығы және олардың қазақ халқын құраған алтайлық көне тайпалармен қарым-қатынасы ғылымда зерттелмеген күйінде жатыр. Екі халықтың тіл, салт-дәстүр және рухани сабақтастығы олардың тарихының да ортақ тұстарының көп екенін дәлелдейді. Бұл әрине, бірінші кезекте географиялық ортаның әсері. Бұл орта біз тілге тиек етіп отырған Саян-Алтай, Ертіс пен Енисей өлкесі. Қос халықтың ерте түркі дәуірінен мекен еткен ұйық жұрты, Отаны. Ә. Марғұлан Қырғыздардың Енисейден Алтай асып, Тарбағатай, Барлық жоталары арқылы Алатауға дейін көшіп-қонып жүргендігін және олардың жолшыбай қай жерлерге қонақтап отырғандарын жазады [5; 116-118бб.]. VI ғасырда Алғашқы Түркі қағанаты жарыққа шыққаннан кейін, Енисейлік жас мемлекеттің

¹ Аба (阿辅) - өзені Қытай тарихының атласында Абахан өзені деп көрсетілген. Бірақ, оны Об өзені деп қарайтындар да бар. Иероглиф арғы ерте заман қытай тілінде «a-biwa» деп оқылған.

билеушісі болып табылатын қырғыз төрелері өздерінің айбатты көршілерімен татукөршілік қатынасты сақтауға тырысты [6; с. 35]. Біздіңше, Енесей қырғыздары Алғашқы Түркі қағанаты орнағаннан кейін көп өтпей оның қол астында болды. Күлтегін ескерткішіндегі деректерге негізделсек, Бумын (Түмен-авт.) қаған 553 жылы қайтыс болғанда Рим, Табғаш, Отыз-татар, Үш-Құрыхан, Татабы, Қытан, Тибет елдерінің елшілерімен бірге Қырғыз қағаны оның жерлеуіне қатысады (*Памятник в честь Кюль-тегина. Большая надпись, 4 строка*) [7; с. 36]. Л.Р. Кызласовтың зерттеуінше, Мұхан қаған 555 жылы Сібірдегі Цигу (чик) тайпасын Енисей бойындағы Саян жотасын мекендеуші тайпалармен қосып жаулап алады [6; с. 33]. Сол арқылы Алтай-Саян өлкесі түркілердің біртұтас саяси-әкімшілік кеңістігіне кірді.

VI ғасырдың орта кезінде түріктер тарих сахнасына үлкен айбатпен барынша тез шыққан соң, олардың әлеуетіне қайран қалған табғаштар (Тан әулеті) түркілердің шыққан тегін барынша киелендіріп, тағыландырып көрсетуге тырысты. Соның бірі Қытай деректеріндегі Көк бөрі туралы аңыз. Біздіңше адам мен көк бөрінің шағылысуы, одан адамның тууы генетикалық тұрғыдан мүмкін емес. Дегенмен, бөрінің жас баланы сүтін беріп бағуы, ет беріп асырап-сақтауы әбден мүмкін. Орталық Мооңғолиядан табылған Бұғыты ескерткішінде бөріні еміп тұрған баланың бедері (барельеф) салынған [8; 98 б.]. Жануарлар арасында жас төлді, нәрестені аялау сезімі болатыны ғылымда дәлелденген нәрсе. Көне түркілердің генетикалық жалғасы, әрі олар өмір сүрген ортаның тікелей мұрагері болып табылатын керей, наймандардың² арасында «ителі» (iyt-teli немесе iyt-eli)³, «итемген» (iyt-emgen)⁴ секілді ру аттары кездеседі. Бұл жердегі «ит» сөзі бөріні тергеуден туған. Өйткені ит пен бөрі бір тұқымдас. Сол себептен қазақтар кейде жыртқыш аңдарды «ит-құс» (iyt-qus)

деп атайды. Қазақ халқының Бөріні кие тұтуы, оның басын, тіс-тырнағын, тобығын үйді пәле-қазадан сақтаушы киелі зат немесе бойтұмар ретінде пайдалануы күні бүгінге дейін жалғасып келеді.

Үшінші аңыз Чансун-уцзидің (长孙无忌) «Суй кітабының» 84 орамында (рулон) жазылған. Онда былай делінеді: түріктер Пинлянда жасаған кірме ху (杂胡) нәсілінің⁵ ұрпағы. Олардың әулет есімі Ашина [9; 65 б.]. Вэй әулетінің Тай У патшасы цзюй-цзюйлерді (沮渠)⁶ қырғанда Ашина бес жүз отбасын ертіп жоужандарға барып паналайды. Сөйтіп, Алтай тауын мекендеп, жоужандарға темірші құл болады. Алтай тауының пішіні дулығаға ұқсайтындықтан, оның үстіне, ертеден дулыға «түрік» деп те аталатындықтан, олардың аты түрік сөзі олардың атына айналды.

Бұл деректе бірден түріктердің ата-бабасы Пинляндық кірме (араласпа) ху нәсілінен дейді. Кей ғалымдар түріктердің ата-бабасы Хэси дәлізі жақтан келді дегенге күдікпен қарайды. Дейтұрғанмен, жоғарыдағы деректе оның қай уақытта орын алғаны туралы ашық айтылмайды. Хэси дәлізі тарихта көптеген көшпенді тайппалардың қысқы жайылымы болған. Өмірлік тәжірибелеріне сүйене отырып, көшпенді халықтар келесі қыстың қалай болатыны туралы болжам жасау қаблетіне ие еді. Егер қыс қатты болса, олар жердің шалғайлығына қарамастан, қары аз, қысы жылы жерлерді барып қыстайтын. Кейде, басқа себептерге байланысты да қоныс аударатын әрі сол барған жерлерінде ұзақ уақыт тұрып қалатын. Олардың қозғалыс аумағын қазіргі мемлекеттік шекаралармен өлшеуге келмейді. Оның үстіне, Хэси коридоры батыс пен шығысқа созылып жатқан керуен жолының үстінде еді. Өмір онда қайнап жататын. Сондықтан, көне түркілердің де Хэси коридоры жаққа баруын жоққа шығаруға болмайды. Тарихи

⁵ Пинляндағы кірме ху (平凉杂胡) – Қытайдың Хэси коридорында жасаған ертедегі әр түрлі көшпенді этностар.

⁶ Цзюй-цзюйлер (沮渠juqu) қазіргі Хэбэйдің солтүстік-шығыс бөлігіндегі Лусуй өзені бойын мекендеген көне кірме ху нәсілінің бірі. Бұрындары бұл ғұндардың лауазым атауы болып, кейін біртіндеп әулет есіміне айналып кетеді. Кейбіреулер цзюйцзюйлерді ертедегі юэжжилерден (月氏) тарайды дейді.

² Орхон бойында өсіп-өнген бұл көне тайпалардың көбі бүгінде қазақтардың құрамында сақталған.

³ «Ителі»: Iyt-teli – Итке телінген; Iyt-eli – иттер мекендейтін ел.

⁴ «Итемген» (Iyt-emgen) – Итті емген.

деректерден біз түріктердің ата-бабасы динлиндердің онда хун билеушілерінен қашып барғанын білеміз. Солтүстік Вэй патшалығы Қытай тарихында 386-534 жылға дейін өмір сүрді. Сарбилер (сянби) құрған аталмыш Вэй патшалығы өз үстемдігін орнатумен бірге, жоужандарды өздерінің шекарасынан сыртқа қарай ығыстыра бастады [10; 167 р.]. Вэй әулетінің көшпенді сарби (сянби) тайпасынан шыққан үшінші патшасы Тай У-ди ⁷ қазіргі Хэбэйдің солтүстік-шығыс бөлігіндегі Лусуй өзені бойын мекендеген көне кірме хуларды қырғындағанда, түркілер Хэси коридорынан солтүстікке қайтадан көшіп кетеді. Жоғарыдағы аңызға сүйенсек, олар Алтай тауына келген соң, жоужандардың қоластына кіреді.

Бұл жердегі «Алтай» тек Алтай тауының күнгейіндегі жерлермен ғана шектелмейді. Аңыз болғандықтан, мұнда уақыт пен кеңістік барынша сығымдалып көрсетілген. Біздіңше, осы аңыздардың қалқасында аса ауқымды тарихи оқиғалар жатыр. Олар Алтай мен оның айналасындағы ұланғайыр кеңістікті және онда өмір сүрген түрлі этностардың тарихын қамтиды. Аңызда айтылғандай, түркілердің «түрік» деп аталуының өзі де осы кезде (б.д. V ғ. екінші жартысы – VI ғ. бірінші жартысы) орын алған. Олар Алтай тауының дулығаға ұқсайтын биік шыңына еліктеп өздерін «Түрік» деп атаған. Бұл Алтай тауының қайсы шыңы болуы мүмкін деген сұрақ туады. Арада мың жарым жыл өтсе де Алтай тауы сол қалпынан еш өзгере қойған жоқ. Біздіңше, ол Алтайдың батыс бөлігіндегі әйгілі Мұзтау шыңы, немесе орта бөлігіндегі Темірбақан тауы болуы мүмкін. Өйткені Мұзтау Алтай тау сілеміндегі ең биік шың, теңіз деңгейінен биіктігі 4509 м. Оның жергілікті түркі тіліндегі атауы Қатұн-башы (Qatun-Bashy). Ал Темірбақан болса Алтай тауының орта бөлігіндегі Мөңке (Möngke) жайлауына орналасқан шың. Ол алыстан қарағанда шынымен дулығаға ұқсайды.

⁷ Вэй әулетінің көшпенді Сянби (Сарби) Тоба тұқымынан шыққан үшінші патшасы. Оның есімі қытайша тарихи деректерде Фолифа (佛狸伐) деп жазылады. Мағынасы Бөрі бек (Böri bæg).

Осы айтылған деректердің барлығы көне түркілерді б.з. V ғасырдың кейінгі жартысында Гаочанның (Идікүттың) солтүстік етегінен Алтай тауына және оның төңірегіндегі жерлерге дейін мекен етті деп жазады. Ендеше, түркілер бұған дейін қалай аталды және қай жерлерде жүрді? Бұл сұраққа жауап беру үшін түркілерді қалыптастырған бірнеше этностың тарихына қысқаша тоқталып өтейік.

XIX ғасырдың соңында Орхон өзені бойынан табылған және шешіп оқылған көне түркі тіліндегі Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде «Тоғыз оғыз халқы өз халқым еді» дейді [11; 268 б.]. Бұл көне түркілер өз қолымен жазған, бүгінге дейін еш өзгеріске түспей жеткен түп дерек. Егер біз ғылымда қалыптасқан көзқарас бойынша көне оғыздар (ұйғырлар) Теле (铁勒) тайпаларының маңызды құрамдас бөлігі десек, түркілер мен оғыздар (ұйғырлар) бір этнос болып шығады. Бұдан түріктердің де теле тайпаларының құрамына кіретінін, әрі олардың бір бұтағы екенін көруге болады. Демек, теле тайпалары хұндар мен түркілерді генетикалық, этникалық және саяси-территориялық, тілдік тұрғыдан жалғастыратын тайпалардың ортақ атауы болған. Екінші сөзбен айтқанда, бұрынғы хұндар осы кезде теле деген ортақ атқа бірігіп, кейін олардың ішінен Ашина әулетіне қарастылары Түрік деп аталып, өзге тайпаларды өзіне біріктірген. Тарихшы Линь Ганьның пікірінше, түріктерге дейін өмір сүрген Динлин (丁令), Дили (狄历), Чели (敕勒), Тели (铁勒) деген этностардың бәрі дерлік Төлес (Tolos) деген атаудың қытай деректерінде әр түрлі жазылуы болып табылады [12; 4 б.]. Енді осы аталған тайпалардың Алтаймен болған байланысына тоқталайық.

2. Алтайды мекендеген Динлин, Гаошэ, Басмыл және Тоғыз оғыздар Динлиндер

Динлиндер ең алғаш Сы Мацяньнің «Тарихи жазбаларында» (110 орам, Хұндар баяны) хатқа түскен. Кейінгі «Ханшу» және «Хоу Ханшу» кітаптарында да олар туралы айтылады. Динлиндер б.д.д. III ғасырдың алды-артында хұндармен бірге күшейіп, Байқал теңізінен Алтайға дейінгі кеңістікте

әрекет етті. Сөйтіп, олар хұндардың терістік-батысындағы ең қуатты тайпаға айналды. Хұндар Мөде тәңірқұттың кезінде (б.д.д. 209-174 жж.) барынша күшейгендіктен, динлиндерді өзіне қосып алды. Олардың біразы хұндардың жеріне айдап апарылып, құлдыққа жегілді. Б.д. I ғасырдың орта шенінде құлдыққа түскен динлиндер ғұндардың әлсіреген кезінен пайдаланып, олардың қол астынан жан-жаққа қашып кетті. Олардың бір бөлігі қашып Хэси коридорына барды. Жоғарыда «Пинляндық кірме хулар» деп аталған әрі Вэй патшалығы кезінде Хэси коридорынан Алтайға қашып келген түркілер осы динлиндер болатын. Динлиндер ғұндармен күресе жүріп біртіндеп күшейді. Б.д. II ғасырдың орта шенінде, сяньбилердің көсемі Таншыхуай (檀石槐) Ұлы шөлдің оңтүстігі мен солтүстігіндегі «ғұндардың байырғы қонысында» тайпалық әскери одақ құрған кезде, телилер оған қатысуға әскери күш-қуаты мүмкіндік беріп тұрса да, оларға бағынбай, артынан сяньбилерге солтүстіктен төнген қауіпті күшке айналды. Б.д. III ғасырда динлиндердің көп бөлігі Байқал көлі маңында тұрақтап қалудан сырт, өзге бөліктегілері батысқа қарай жылжып, қазіргі Іле, Алтай, Тарбағатай өлкесіне келді. Сол кезде олардың Байқал маңында қалғандары «Солтүстік бөлік динлиндер» деп, Алтай асып батысқа кеткендері «Батыс динлиндер» деп аталды.

Гаошэлар: Динлиндер V-VI ғасырлар бедерінде Гаошэлар, яғни биік арбалылар деп аталды. Биік арба қыпшақ тілінде телек (Telek) арба немесе телеген (Telegen) арба делінеді. Демек, динлиндерден телилерге дейінгі түріктердің әр түрлі аталуы түгелдей «телек» немесе «телеген» сөзімен байланысты болған. Телеген арбаның доңғалағы үлкен болғандықтан кедір-бұдыр жерлерден жүруге қолайлы. Оған қатарынан бірнеше ірі қ мал, өгіз немесе түйелер жегілетін. Бұл сол заманның үлкен жетістігі әрі салтанаты еді. Биік арбалы динлиндер Орхоннан Еділ, Жайық өзендеріне дейінгі ұланғайыр дала төсінде емін-еркін көшіп жүретін. Линь Гань олар туралы былай дейді: «Гаошэлардың бір бөлігі Солтүстік Вэй патшалығы кезінде Байқал көлі маңында

көшпенді малшаруашылығымен айналысудан өзге, қалған қомақты бөлігі Тоғла өзенінің батысындағы жерлерге қарай жылыстады; артынан тағы да батысқа беттеп, Лухун (鹿渾) көлінің айналасындағы жерлердің бәрін өздерінің өріс-қонысына айналдырды» [12, 7 б.]. Бұл көлді жергілікті халық ауызекі тілде Лүңгір (Lüng>gir) көлі деп атайды. Жазғанда Үліңгір (Üling>gir) деп жазады. Демек, «Лухун» (鹿渾) сөзі Үліңгір атауының қытайша баламасы. Лухун көлінің қазіргі Бурылтоғай көлі ⁸ екенін Дин Цянь (丁謙) да растайды [13; 87 б.]. Бұл көл Алтай тауының күнгейінде, Ертіс өзенінің сол жағалауына жатыр. Оған Жоғарғы Алтайдан (Ör Altay) басталатын Шіңгіл (Ching>gil) өзені келіп құяды. Оның солтүстігі Ертіс өзені арқылы Алтай тауымен, батысы Сауыр тауының шығыс мүйісімен, оңтүстігі Құрбан-Тұңғыт шөлімен, шығысы Жарыс (Ақдала) жазығымен тұтасып жатыр. Бұл өлке ертеден көшпенді халықтардың жайлы тұрағы, ұйық жұрты болып келген. Өйткені көшпенді жұрт қыста малын Құрбан-Тұңғыт шөліне отарға жіберіп, Ертістің қалың тоғайын қыстаса, жазғасалым Алтай тауының бөктеріне барып малдың төлін алатын. Одан соң маусым айынан бастап Алтай тауының биік жон арқасын жайлайтын. Күзде қайтадан етекке түсіп, малдың жүнін қырқып, одан киіз-кешегін басатын.

Қолайлы жаратылыстық шарт-жағдайына байланысты, гаошэлардың халық саны өсіп, бал басы көбейеді. Оған дәлел 389-390 жылдары Солтүстік Вэй патшалығының патшасы Тобагуй Алтайдағы Үліңгір көлі бойында гаошэларды талқандағанда жалпы саны 200 мыңнан астам адам мен малды олжалаған. Ол туралы «Солтүстік хандықтар тарихының» «Гаошэ баянында»: «олар Лухун көлінің терістік-батысына қарай 100 ли⁹ жерге көшіп барған соң, мықтап күшейді де жоужандармен жиі жауласты. Вэй әулетінің шекарасына да шапқыншылық жасап тұрды.

⁸ Бурылтоғай – Үліңгір (Лүңгір) көлінің кейін шыққан атауы. Осы көл орналасқан жердегі ауданды қазақтар Бурылтоғай деп атайды. Қытайша құжаттардың кейбірінде бұл атау көлге де берілген. Сол себепті, қазақтардың өзі де оның байырғы атауын өзгертіп, Бурылтоғай көлі деп атайтын болған.

⁹ Шамамен 50 километр

Вэй әулетінің Дао-у патшасы оларға қарсы жорық ұйыстырып, ұлыстарын талқандады. Содан кейін Дао-у патша Роло суынан (弱洛水) қайта өтіп, батысқа қарай шеру тартып, Лухун көліне ат тұмсығын тіреді. Мұнда күймесін қалдырып, атқа мініп, одан әрі солтүстік-батысқа қарай 100 лиден астам жол басып, оларды күйрете жеңді. 200 мыңнан астам жылқы, сиыр және қой малын олжалады» [1; 2657 б.], -делінеді. 429 жылы Вэй патшасы Тобатау (Тай У-ди) шығыстағы гаошәлерден тағы да неше 100 мың отбасын тізе бүктіріп, 1 миллионнан астам жылқы, сиыр, қой малын олжаға түсіреді [9; 28 б.]. Әрине, сол кездегі тарихи шарт-жағдайға негізделгенде бұл айтылған санды мәліметтер аздық етпейді.

Гаошәлар Солтүстік Вэй патшалығының үстемдігі астында ұзақ уақыт тұрды. Осы кезде жаңадан күшейген жоужандар да оларды өзіне қосып алуға әрекет етті. VI ғасырдың бірінші ширегінде гаошәлар жоужандар тарапынан талқандалды. Бұл шын мәнінде, түріктердің жоужандардың қоластындағы темірші құлға айналған кезі болатын. «Солтүстік хандықтар тарихында» олардың тілі ғұндарға жақын, бірақ сәл парықталады» [1; 2656 б.], -дейді. Мұның өзі олардың ғұндар мен түркілердің арасын жалғастырушы этнос екенін көрсетеді. Бұл бағытта Фэн Чэнцзюнь «Гаошәлар... олардың тілі бір түрдегі түркі тілі» [14; 228 б.] десе, W. M. Mogovern: «гаошәлар мен хұндардың тілі бір түрдегі ескі түркі тілі» [15; 210 б.], -дейді. Ал Е. Н. Farker болса қаңлылар хұн дәуіріндегі динлиндер, олар Вэй патшалығы кезінде гаошә, Түркі дәуірінде хуэйхэ (ұйғыр), Юань дәуіріне келгенде қаңлы деп аталды. Оның мағанасы түркі тілінде арба дегенді білдіреді [16; 111 б.], - дейді.

V ғасырдың 40-50 жылдарында жоужандар Идікұт (Гаочан) өңірін өзіне қаратып алды. Сол кезде осында тұратын түріктер де (динлиндердің немесе гаошәлардың бір бөлігі) олардың қоластына қарап, Алтай тауына көшірілді немесе өздері сонда барып, жоужандардың темірші құлына айналды [17; 279 б.]. Мұнда сөз болып отырған түріктер олардың бір бөлігі ғана болуы керек. Ал негізгі бөлігі болса Алтай тауында бұған дейін

де теміршілікпен шұғылданған. Теміршілік түркілердің қанында туа біткен қасиет. Олардың пайда болуына қатысты Ергенекөң аңызында да түріктердің теміршілік дәстүрі туралы айтылады. Есте жоқ ескі заманда сыртқы жаудың сұғанағынан бой тасалаған түріктер іздеп жүріп жан-жағы биік таумен қоршалған Ергенекөң алқабын барып мекендейді. Онда төрт жүз жыл мекендеген соң, басы өсіп, барқадар тапқан түркілер енді сол таулардың арғы жағындағы ата мекендеріне қайтпақ болады, Бірақ кезінде келген жолдарын таба алмай тауға қамалып қалады. Сол кезде бір темірші ұста жетпіс түйенің терісінен үлкен көрік жасап, сол арқылы темір таудың бөктеріне көмір жағып, тауды ерітіп жол ашады. Түрік жұрты сол тескен таудан өтіп, ата мекендеріне жетеді [18; 88 б.] Демек, бұл аңызда да түріктердің жетпіс түйенің терісінен көрік жасап, тіпті темір тауды да тесіп шыққаны сөз болып отыр. Олай болса, түріктер тарих сахнасына шығудан бұрын-ақ, теміршілікке әбден төселген деуге негіз бар. Осы өнері оларды тарих сахнасына алып шықты. Өйткені темір көздерін іздеп табу, оны игеру, одан қару-жарақ, құрал-сайман, аттың таға-шегесін, ауыздығы мен үзеңгісін, айылбасын жасау сол заманның озық жетістігі болатын. Бұл кезде қыр даладағы көшпенді қалықтардың көбі бұл өнерді әлі игермеген еді. Бұл жөнінде Академик Ә. Марғұлан: «Бостандықты жақсы көретін хұндар Алтай тауының, Жетісудың төңірегінде жиналып, суармалы егін егіп, тау-кен жұмысымен шұғылданды. Темір, мыс, алтын өндірді. Сөйтіп, VI ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатын құрды [5; 7-8 бб.], -дейді. Қытайдың «Чжоу кітабында» түріктердің Идікұттың солтүстігіндегі таудағы (Боғда) үңгірлерінен шыққан соң, жоужандарға темірші болғанын айта келіп, сол таудан мыс, темір және көмір шығатынын тілге тиек етеді. «Су шежіресіне түсіндірмелер» (水经注) атты кітапта: бұл жерде түндерде от жанып, тәулік бойы түтін шығып жатады», «адамдар осы таудың тас көмірін алып, осы таудың темірін қорытады (байытады). Ол отыз алты елдің пайдасына жарайды» [17; 281 б.] делінеді. Бұл әрине, Түрік

қағанаты құрылудан бұрын түріктердің өз өнімдерін саудаға салуға неге ділгір болғанын түсіндіріп береді.

Бұдан өзге, түріктер өздерінің солтүстігін мекендеген қырғыздармен де тығыз қарым-қатынаста болып, Енисей өлкесінен шыққан сапалы темірді де өздеріне тасып әкеліп отырған. Ол туралы «Жаңа Таң кітабында» былай делінеді: Қырғыздардың жерінде «алтын, темір, қалайы кендері кезігеді. Жаңбыр жауған сайын «жасақ»¹⁰ (цяша-迦沙) деп аталатын бір түрлі темірге кез келуге болады. Одан жасалған қару өте өткір болады. Олар оны үнемі түріктерге тасиды»[19; 4697 б.]. Бұдан шығатын қорытынды, көне түркілер Енисей, Алтай және Боғдада – осы үш жерде бірдей теміршілікпен шұғылданған. Түріктердің үлкен телеген арбасы да метал және ағаш конструкциядан тұрған. «Тайпин хуань-юйцзи» (太平寰宇记) атты кітапта да түріктер Алтай тауын мекендеп, теміршілікпен айналысты делінеді. Демек, түріктер алғаш тәуелсіздік алғанға дейін және одан кейін де өздерінің темір ұстасы болудай осы бір артықшылықтарын толық сәулендіре білген. Бұл артықшылықтары олардың саяси беделін көтерген. Мемлекетін қуатты еткен. 568 жылы түркілердің Түркі қағанатына келген Византия елшісі Земархқа темір саудасын жасау туралы мәселе көтеруі де соның жанды мысалы[20; с. 376]. Византия елшісінің сипаттауынша Істеми қаған екі дөңгелегі бар алтын тақта отырған, сарайы алтынмен әшекейленген, нәзік және әр түрлі ою-өрнектермен безендірілген табақтар мен тостағандарды пайдаланған. Бұл Түркі қағанаты құрылған бастапқы кезеңнің өзінде олардың металл өңдеуі мен қолөнер кәсібі қайран қаларлық дәрежеде дамығандығын көрсетеді.

Басмылдар және тоғыз оғыздар

Басмылдар түрік тели тайпаларының бірі. Олар алғашында Ханғай тауының орта

¹⁰ Жасақ (цяша-迦沙)-темірдің өткір, асыл түрі. Түркілер оны көп жағдайда найза, қылыш, кездік жасауға істеген. «Жасақ» (jasaq), «жасақтау» (jasaqtaw) немесе «жасақты жау» (jasaqtu jaw) сөздері содан шыққан.

бөлігінен Сібірдегі Таңну тауына дейінгі аралықта жасады, түріктің Ашина әулетімен бірге Жоужан ақсүйектерінің үстемдігіне қарсы күресті. Түркі қағанаты құрылғаннан кейін, ұзақ уақыт Ашина ақсүйектерінің басқаруында болды. VII ғасырдың бас кезінде (618 ж.) Алтай өңіріне көшіп келіп қоныс тепті және тоғыз оғыздардың сиренда тайпасымен аралас-құралас отырды. Ғалым Қ. Сартқожа VI-X ғасырлар аралығында Орталық Азияда түркі этносының қалыптасуы одан әрмен нығайып дамыды. Сол қатарда басмылдар бүгінгі Шығыс Түркістан, Тарым, Оңтүстік Алтай, Хами (Құмыл-авт.) маңында орналасты дейді [4; -53 б.]. Кейін, басмылдар Екінші Түркі қағанатын аударып тастап тарих сахнасына шықты. Бірақ олардың жеңісін оғыздар (ұйғырлар) пайдаланып кетті. Ал, тоғыз оғыздар болса шығыста Керулен өзенінен батыста Алтайға, солтүстікте Байқалдан оңтүстікте Қытай қамалына дейін қоныстанған жылқылы бай тайпа болған. Олардың Сиренда (Суэяньто) тайпасы V-VI ғасырларда Алтай тауының оңтүстік-батысында, қазіргі Зайсан, Марқакөл, Қалба тауы өңірінде мекен етті, қоныстану аумағы өте кең болды. Сирендалардың шығыс қанаты Өтүкен (Ханғай) тауына дейін жайыла қоныстанды. Олар қоныстанған жерімен бірге кейінгі Найман мемлекетінің негізін қалады. Түркі қағанаты кезінде олардың күш-қуаты мығым болды. Сол себепті, кей кезде тәуелсіздікке де ұмтылып отырды. VI ғасырдың орта кезінде Алтай тауындағы телилер Түрік Түмен қағанға ілесіп, жоужандарға соққы берген соң, Қытай қамалының солтүстігін мекендейтін телилер 15 тайпаға бөлінді. Сирендалар солардың бірі болды. 605 жылы олардың көсемі Едіз қаған (Ишибо) Түрік Ницзюэ-Чуло қағанды қуып жңберді. Кейін 618 жылы Шэгуэй қаған тарапынан қайтадан біріктірілді. 628 жылы Батыс Түрік қағанаты шегінде аласапыран басталғанда, сирендалардың көсемі Иши Инан 70 мың отбасын бастап Алтай тауынан асып, Шығыс Түркі қағанатына барып қосылды. Шығыс Түркі қағанаты жойылған соң, ол байырқу, оғұз, тоңра секілді тайпалардың басын қосып, Өтүкен тауын орталық етіп

қағанат құрды. Өзін Сиренда Чжэнчжу Білге қаған деп атады.

3. Түркі қағанаты кезіндегі Алтай

VI ғасырдың орта кезінде түріктер Алтайды мекендеген телилердің ішінен өсіп шықты. Олар «Суй кітабында» айтылатын Байқал көлінен Еділ өзеніне, оңтүстікте Еренқабырғаға дейін кең жайылған 41 тайпалы телилердің ішінде Алтай тауының оңтүстік-батысын мекендеген Суэянто (薛延陀), Дэлэ-эр (咄勒儿), Шипань (十槃), Даци (达契) қатарлы тайпалар еді [21; 210 б.].

Осы кезде түркілердің Бесбалық пен Тұрфандағы Гаочан (Идікұт) патшалығымен құда-андалық байланыста болуы түркілердің «кұлдық» санаттан шыққандығын әрі олардың қоғамдық орнының едәуір өскендігінің белгісі болатын. Сондықтан, олар Идікұттың солтүстігіндегі Боғада тауынан Алтай тауына дейінгі аралықта емін-еркін әрекет етті. Қытай дерегінде жазылуынша VI ғасырдың 40-жылдарында түріктер әр жылы мұз қатқаннан кейін Суйчжоу (绥州) аймағын (қазіргі Шанси провинциясының шығысындағы Суйдэ өңірі) талан-таражға салып отырған [22]. Алтай мен Ордосарасының қаншама шалғай жатқанына қарамастан, жыл сайын Суйчжоу аймағын талан-таражға салып қайту үшін де үлкен күш-қайрат керек болатын. Бұдан өзге, тарихшы Ван Чжилай 545 жылы Батыс Вэй патшасы Ю Вэньтай ата тегі хулардан болған Анно-Панто дегенді түріктерге елшілікке жібергенін, түріктердің оны өз елінің бет-беделінің асып келе жатқанының нышаны ретінде қабылдағанын жазады [23; 189 б.]. Бұдан, түріктердің 552 жылдан бұрын-ақ Батыс Вэй патшалығына әр қырынан әйгілі бола бастағанын көреміз.

Қытай деректері түріктердің ең алғашқы кездегі көсемдері Апаңбо, Ежен Шида, Надыру шад, Ежен шад, Ұлы-ябғұ секілді кісілер болғанын жазады. Бірақ олардың нақты немен айналысқаны туралы ешқандай дерек бермейді. Орхон бойындағы көне түркі ескерткіштері Бумын (қытайша Түмен) қаған мен Істеми қағанды түркілердің жауынгер

ата-бабасы ретінде көрсетеді. Қытай деректері болса ол екеуі ағайынды, Ұлы-ябғұның балалары дейді. Соған қарағанда Түркілердің Алтай тауында жиналып, күш біріктіріп, Батыс Вэй патшалығының жеріне дүркін-дүркін шабуыл ұйымдастыруы осы Ұлы-ябғұның кезі (VI ғасырдың 30-40 жылдары) болса керек.

546 жылы оғыздарды қамтыған өзге тели тайпалары бірігіп жоужандарға қарсы шабуылға шықпақшы болады. Түмен қаған өзіне қарасты Тели тайпаларын бастап шығып, оларды жол ортада күйретіп, 50 мың қосынды өзіне қаратып алады. Осыдан бастап, олардың күш-қуаты артады. Түмен қаған өз күшіне арқаланып, Жоужан ханы Анагайға қызын сұратып кісі салады. Анагай «сен менің темірші құлым бола тұра, қызымды сұрауға батылың қалай барады» деп ашуланып, қайыра кісі салып, оны жер-жебіріне жете янаттайды. Түмен де қатты ашуға басып, келген елшіні өлтіріп тастайды. 552 жылы Түмен қалың қолмен жоужандарға шабуыл жасап, елінің тас-талқанын шығарады. Анагай болса намыстанып өз-өзіне қол салады. Осылайша, Түмен Алтай тауында өзін Ел қаған деп атап, Түрік қағанатын құрады. Осыдан бастап түріктер Еуразия кеңістігінде 500 жыл әрекет етті.

Жоужан хандығы жойылған соң, түріктер Орта Азиядағы Эфталиттер (嚙哒) мемлекетімен тікелей көрші болып қалды. Шығыс пен батысқа қатынайтын Жібек жолын өз бақылауына алу үшін, түріктер ендігі кезде парсылармен бірігіп, эфталиттерді жоюға кірісті. Түмен қаған 553 жылы қайтыс болды. Оның ұлы Түрік Мұхан қаған өз қызын Парсы патшасы Хсрау I Анашерванға (түрікше – Наушарбан) ұзатып, эфталиттерге қарсы онымен одақ құрды ¹¹. Сөйтіп, қос тарап 553-558 жылдары эфталиттерге екі бағыттан соққы берді. Нәтижесінде эфталиттер жеңіліп, патшасы өліп, олардың жерін түріктер мен парсылар бөліп алды. Қос тарап Әму дәрияның солтүстігіндегі Темір-қапықты шекара етіп белгіледі [24; 202 б.]. Бұл реткі

¹¹ Мұхан қағанның қызынан Хормоз IV дүниеге келді.

соғыста Істеми қаған ¹² көп еңбек сіңірді. Ол содан бастап Түркі қағанатының Батыс бөлігін өз басқаруына алды. «Көне Таң кітабында»: алғашында Істеми қаған Тәңірқұтқа ілесіп он үлкен иелікті өзіне қаратты, қол астында жүз мың сарбазы болды. Ол Батыс өңірдегі ху елдерін бағындырған соң, өзін қаған деп жариялады. Қоластындағы бұқарасы Он оқ будын деп аталды. Оларды ұрпақтан ұрпаққа биледі» [25; 4460 б.], - дейді. Э. Шаванның пікірінше осы жерде тілге тиек етілген Тәңірқұт Істеми қағанның бауыры Түмен қаған болуы керек. Ол: «Бұл дерек өте маңызды. Өйткені бұл Түркі қағанатының Шығыс және Батыс қағанат болып бөлінуі Түмен мен Істеми қағандардың кезінде-ақ орын алғанын көрсетеді. Бұдан Істеми қағанның Батыс Түркі қағанатының бірінші қағаны екенін көреміз [24; 43 б.], - дейді. Бұл дерек, шынымен де, Түрік қағанаты құрылып, көп өтпей мемлекетті Шығыс және Батыс бөлікке бөлгендігін дәлелдейді.

Түркі қағанатының құрылу кезеңінде Түмен қаған жоужандардың қаушінен сақтану үшін Ашина ақсүйектерінің әрекет ету орталығын Алтай тауының шығысына немесе Гоби шөлінің солтүстігіндегі аймаққа көшірді. Ал Алтай тауының батысындағы байырғы қоныстары Түменнің інісі Істемидің бақылауына өтті. Істеми өзін қаған деп жариялап, батыстағы Он оқ халқын өз басқаруына алғанымен, шығыстағы Мұхан қағанды (Түмен қағанның ұлы) бұрынғыдай Түркі қағанатының бас қағаны, яғни, тұтас Түркі иеліктерінің бас билеушісі ретінде қабылдады. Нәтижесінде, Түркі қағанаты біртұтас империя ретінде өмір сүріп тұрды. Біз үшін осы кезеңге тән қағанаттың Батыс пен Шығыс қанатының өзара байланысы, ішкі иерархиялық тәуелділігі туралы нақты мәліметтер кемшіл болғанымен, бірақ жалпы жағдай бірнеше ондаған жылдар бойы, әр екі тарап Істеми қаған қалыптастырған бауырластық байланысты қатаң сақтағанын көрсетеді. Демек, Шығыс және Батыс бөлікке бөліну Түркі қағанаты құрыла салысымен, мемлекетті әскери-әкімшілік тұрғыдан тиімді

¹² Істеми – Ұлы-ябғұның ұлы, Бумын (Түмен) қағанның інісі.

басқару үшін қажет болған. Сондықтан, бұл алғашында қандайда бір келіспестіктер салдарынан орын алған бөліну емес болатын. Егер кейін келе Түркі қағанатының ішкі бөлігінде саяси бөлшектену орын алды десек, ол кейін келе сыртқы факторлардың әсерінен болды.

Істеми қаған батыс Түрікті 562-576 жылдары басқарды. 576 жылы ол қайтыс болып, орнына ұлы Дяньцзюэ (玷厥) отырды. Оның қағандық титулы Тардұш (达头) қаған делінеді.

Ал шығыстағы жағдайға келсек, қағандардың орын алмасуы біршама күрделі болды. Мысалы, 553 жылы Түмен қаған қайтыс болған соң, орнына үлкен ұлы Кэло (可罗) ¹³ отырды. Бірақ ол таққа отыра салысымен қайтыс болып кетті. Сол кезде таққа Түменнің екінші ұлы Мұхан отырды. Мұхан қағанның кезінде түріктер күшейіп, шығыста Ляохай теңізінен батыста Каспи теңізіне, солтүстікте Байқал көлінен оңтүстікте Қытай қорғанына дейінгі жерлерді өз бақылауына алып, қағанаттың бас ордасын Өтікен тауына ¹⁴ тікті. 572 Мұхан қаған қайтыс болып, оның орнына інісі Тобо (佉钵) қаған отырды. Тобо қаған Кэло қағанның ұлы Шэтуды (摄图) Эрфу (尔伏) қаған деген атпен өзінің шығыс жағын басқартты. Інісі Рудан қағанның ұлын Бөрі қаған деген атпен батыс жағын басқаруға қойды. 581 жылы Тобо қаған қайтыс болып, оның ұлы Аньло (庵罗) тақты Түменнің немересі, Кэло қағанның ұлы Шэтуға қайтарып берді. Сөйтіп тақ үлкен ұлдың әулетіне қайтып келді. Шэту таққа отырған соң, Ел қаған (немесе Ешбара қаған) деп аталып, Өтүкен тауында жалғасты билік жүргізді. Аньло болса Тоғла аймағын басқаруға жіберіліп, Екінші қаған деп аталды. Мұқан қағанның ұлы Дарубянь Алтай тауының шығысындағы жерлерді басқаруға тағайындалып, Апа қаған деп аталды. Ешбараның інісі Чулоху (处罗侯) ¹⁵ шығыстағы татабы, сеп, қытан, татар секілді халықтарды басқарып, Төліс (突利) қаған деп аталды [12; 48 б.]. Бұларға Он оқ жеріндегі Тардұш қағанды

¹³ Қағандық титулы Ішік (乙息记) қаған.

¹⁴ Орталық Моңғолиядағы Орхон өзенінің жоғарғы сағасындағы немесе Ханғай тауының солтүстігіндегі бір тау.

¹⁵ Чулоху (处罗侯) кей әдебиеттерде Қарачур деп жазылады.

қосса жалпы Түрік қағанатының аумағында үлкен-кіші бес қаған билік құрған мезгіл пайда болды. Әрине, мұның төртеуі шығыс қағанатқа тиесілі еді. Өйткені ата жолымен билік тағына отырған Ешбара қаған әкесінің інісі Мұхан қағаннан тараған ақсүйектердің де көңілін қалдырмай оларға кіші қағандық атақ берді. Солардың ішінде Дарубянь Алтай тауы жақта тұрып, Шығыс пен батыс қағанаттың арасын жалғастырып тұрды.

Жалпы алғанда, Түрік қағанаты құрылған соң, ұлы қаған Өтүкен тауында тұрып, қағанатты батыс және шығыс қағанат деп аталатын екі бөлікке бөлді. Шығыс бөлік Төліс, батыс бөлік Тардұш деп аталды. Оларға қарасты ел-жұрт та шығыс және батыс бөлікке бөлініп, оларды басқаратын қағандар Төліс шад, Тардұш шад деп аталды. Батыс Түрік пен Шығыс Түрік Алтай тауын шекара етті [17; 285 б.].

Ешбара болса тұтас қағанаттың бас қағаны болды. Бұдан алдын 580 жылы Қытайдың Чжоу патшалығы түріктердің қаупінен сақтану үшін Тобо қағанға Цянцзинь ханшайымды ұзатқан еді. Енді ол әмеңгерлік жолмен Ешбараға қарады. 581 жылы Чжоу әулетінің әскер басы Ян Цзянь патшаны аударып тастап, Суй патшалығын құрды. Ян Цзянь өзін Суй Вэнди деп атады әрі таққа отырысымен Түркі қағанатына бұрынғыдай тарту-таралғы беруді тоқтатып, ашықтан-ашық жауласты. Ешбара қаған оның мұндай астамшылығына төзіп тұра алмады. Ордадағы Цянцзинь ханшайым да қағаннан өз төркін жұрағаты Чжоу әулеті үшін кек алып беруді өтінді. Сөйтіп, 582 жылы мамырда Ешбара қаған бұрынғы Ци патшалығының Инчжоу аймағының бегі Гао Баонинмен бірге 400 мың қалың қолмен Суй патшалығына шабуыл жасады. Түрік қолы Қытай қамалынын бұзып өтіп, Ланьчжоу, У-вэй, Тяньшуй, Хонхуадан (қазір Ганьсудың Циньян ауданы) тартып, Шанчжун (қазіргі шансидің Толин ауданы), Янь-анға (қазіргі Янь-ань) дейінгі жерлерді түгел ойрандап, мал-жаннан түк қоймай айдап алып кетеді. Бұл жөнінде қытай дерегі: «адам мен малдан ештеме қалмады» деп жазды.

Осыдан бастап Суй және одан кейінгі Таң әулеті түріктердің күшін әлсірету мақсатында

«сына саясатын» (反间政策) қолданып, оларды бір біріне айдап салды. В. Томсен бұл саясатты «Қытай қаскүнемдігі» деп атайды [26; -330 б.]. Суй патшалығының түріктерді бөлшектеу стратегиясы шын мәнінде патша ордасының кәнігі саясаткері Чан Сунчэннің амал-айласы арқылы іске асты. Ол бойынша Суй патшалығы алдымен Он оқтағы Тардұш қаған мен Алтайдың шығысындағы Апа қағанға елші жіберіп, Тардұш қағанға бөрі басы айшықталған оқалы ту сыйлады. Суй Вэнди Тардұштың елшісі сарайға келгенде оны Ешбараның елшісінен жоғары отырғызды [27; 62 б.]. Сонымен бірге, Чан Сунчэнді Ешбараның інісі Чулохудың ордасына жіберіп, оны да өз жақтарына тартты. Мақсат олардың арасында бір-біріне деген күдік-күмәнді өршіту еді. Осы жайлардан хабарсыз Ешбара қаған Суй патшалығына екінші мәрте соққы беруге шақырғанда Апа қаған мен Тардұш қаған аяқ астынан әскерін шегіндіріп кетеді. Амалы таусылған Ешбара қаған шабуылды тоқтатып, ордасына қайтады. Артынан Апа қаған мен Тардұш қағанның Суй патшалығымен астыртын ымыраласып, өзін сырттай сатып кеткенін кеш біліп, бұл екеуіне қарысы жаза жорығын бастайды. Алдымен Апа қағанға қарайтын ел-жұртты басып алып, ордасын ойрандап, шешесін өлтіреді. Апа қаған Алтай тауына шегініп, Тардұш қағанның жеріне барып, одан әскер алып Ешбараның қолындағы ел-жұртты қайтарып алады. Сонымен бірге, Ешбараның немере інісі Тегін шатты да өз жағына тартып, күш-қуатын арттыра түседі. Соңғы соғыстарда Ешбараның қолы жеңіліп, Апаның қолы үнемі жеңіп отырды. 583 жылы Тардұш, Апа, Тәңір қаған және Тегін шат өзара күш біріктіріп, түркі қағанатының батыс бөлігінде тәуелсіздік жариялап, Ешбараға қарысы одақ құрды. Осылайша, Ұлы Түркі қағанаты ресми түрде бір-бірінен тәуелсіз Шығыс және Батыс қағанатқа бөлініп кетті. Түркі тарихының осы кезеңі туралы Э. Шаванн: «ол кезде қытайлар түріктерді сына саясаты арқылы тізгіндеді, араларына ірткі түскендіктен, олар бір-бірінен күмәдана бастады... Қысқасы, қытайлар бастан-аяқ «алыстағысымен бірлесіп,

жақындағысына қарысы тұру, күштісінен бой тасалап, әлсізімен бірлесу» саясатын жолға қойып, түріктердің ұзақ уақытқа жалғасқан империя құру арманына тосқындық жасады. Егерде осы бір сына саясаты болмағанда, түріктердің мемлекет қуатының одан бірнеше ғасыр кейінгі моңғолдардан асып түсетінін межеллеу қиын емес. Мұны дәлелдеуге әбден болады» [24; 194-195 б.], - дейді.

Түріктер Ешбараның інісі Чулоху қағанның немересі Ел қағанның кезінде Таң мемлекетінің жеріне 33 мәрте (620-626 жж.) басып кірді. Осыдан соң Таң мемлекетімен түріктердің байланысы нашарлап, 630 жылға келгенде шығыс Түрік қағаны Ел қаған Таң мемлекетінің айла-амалымен қолға түсті. Қытай тарихнамасы Ел қағанның қолға түсуін Шығыс Түркі қағанатының күйреуі ретінде көрсетеді. Дегенмен, осы кезде Шығыс Түріктің Таң мемлекетіне бағынбаған халқы бұрыннан кіші қаған болып келген Чэбиді (车鼻) ¹⁶ өздеріне бас қаған етіп көтереді. Сол кезде суэянтолар шамалы күшейгендіктен Чэби алдымен халқын бастап барып суэянтолардың қоластына өтеді. Суэянтолар олардың ерік-жігерінің күштілігін көріп, артынан бүлік тудыруынан алаңдап, Шэбидің көзін жоймақ болды. Шэби мұны сезіп қалып, Алтайға қарай қашып, таудың теріскей жағында ордасын тікті. «Көне Таң кітабында» ол байырғы мекеніне кетті, ордасы астанадан 10 мың ли қашықтықта, соғысқа жарамды адамы 30 мың. Ол өзін Ичжу Чэби (乙注车鼻) қаған деп атады. Батыста Қарлық, солтүстікте Қырғыз түгел оған бағынды (25; 4440 б.), - делінеді.

Шығыс Түрік қағанаты Таң мемлекеті жағынан жойылған соң, батысқа қашып Алтай тауын мекендеген бұл қағанат не бары 20 жыл ғана өмір сүрді. Қытай деректерінде жазылуынша 650 жылы император Тан Гаоцзун аттандырған Гао Кан қосыны оларды Алтай тауында ойсырата жеңеді. Өйткені бұл тек Таң мемлекетінің ғана әскері емес, түріктердің өзінен жақсақталған қуатты қол

еді. Сол арқылы Таң мемлекеті түріктерді түріктердің қолымен жоюға кірісті.

Бұл кезде Батыс Түркі қағанатына қарасты ел де Таң мемлекетінің алдап-арбауына түсіп отырған болатын. Жағдайды жіті зерттеген Батыс Түрік қағанатының 14-қағаны, Істеми қағанның тұқымы Қара (贺鲁) қаған Таң империясының алдап-арбауына көнбей 649 жылы көтеріліс жасады. Ол Таң ордасында кепілде болып қайтқан ұлының ұсынысы бойынша, батысқа жорық жасап, Түрік қағанының байырғы қонысын тартып алып, ордасын Мыңбұлаққа ¹⁷ тікті және өзін Ышбара қаған деп атады. Дулу, нүшеби секілді он оқ халқына иелік етті. Шығыс Түрік қағанатының әскери күшінен пайдаланған Таң әулеті 657 жылы Алтай тауы арқылы Су Динфаңды жорықшы қолдың басшысы етіп, Батыс Түрік қағанатын талқандауға жіберді. Ол туралы «Көне Таң кітабында» былай делінеді: чанцин жылнамасының 2-жылы ¹⁸ ... Су Динфаң қолы Ертістің батыс аңғарына жеткен кезде, Ашина Қара бастаған Күлік Күлчордың (胡禄居闾噶) 20 мыңнан астам атты әскері алдынан қарсы шығып күтіп тұрған еді. Су Динфаң орынбасар қолбасшы Жэн Ясян қатарлы кісілерін бастап олармен айқасты. Бірақ Қараның қолы ойсырай жеңіліп, Тұтап тархан (都搭达干) секілді 200 ден астам адамы жетекші ұлыс басшыларының басы алынды. Қара мен Күлчор Ертіс бойындағы осы шайқастан амалын тауып қашып шығып, Тарбағатай арқылы Іле өлкесіне қашады. Қараның соңына түскен орынбасар тұтық Сяо Сы-ие оны Мыңбұлақтағы ордасына дейін қуып келді. Кейін оның өзі Шаш өлкесінде қолға түсіп, Чан-анға сүргінделеді [23; 189 б.].

Таң империясы бұл жолы да Шығыс Түркі қағанатының жерінен жасақтаған әскер күшін пайдаланды. Олай болмағанда таңдықтардың соншама ұзақ жолдарды ат үстінде жүріп бағындыруы, қатты суықта Қара қағанның қолына Алтай тауынан аса соққы беруі мүмкін емес болатын. Осылайша, Батыс Түркі қағанатының жері бір мезгіл Таң

¹⁶ Біздінше Жебе (Jebe) қаған болуы мүмкін. Хубо (斛勃) деп те аталады. Мұнда бірінші иероглиф «ху» (斛) қате жазылған «цзие» (解) иероглифі болуы мүмкін.

¹⁷ Қытайша Цяньцун (千泉), қазіргі Жамбыл облысы, Мерке өңірі.

¹⁸ Таң патшасы Гао цзунның билік жылнамасы, 657 жылы.

империясының басқыншылығына ұшырады. Таң империясы онда әскери-әкімшілік мекемелерін құрып, жергілікті халықты қатаң түрде езіп-жанштады. Империяның үстемдігіне қарсы күреске Алтайды мекендеген түркі тайпалары да ұдайы қатысып отырды.

682 жылы шығыс түріктердің тұдун дәрежелі мансаптысы Ашына Құтлық өзіне жақын 17 серігімен Шұғайқұзына (Инь-шань) бекініп, Түркі қағанатын қайта құруға кірісті. Ашына Құтлық бұрынғы Ілік қаған нәсілінен болғандықтан, жұрт арасында жоғары беделге ие еді. Бірақ, бұдан бұрын Шығыс Түрік қағанатының жерінде орын алған Ашына Низүк бек пен Ашына инандардың Таң үстемдігіне қарсы көтерілісі жанышталған соң, ол жеті жүз кісіні өз қасына жиып, қазіргі Ішкі Монғолия астанасы Көкхот қаласының солтүстігіндегі көне Қарақұм қаласын басып алады. Күші барған сайын зорайып, қол астындағы 700 адам көбейіп 5 мыңға жетеді [28; 138 б.]. 682 жылы Құтлық Қарақұм қаласында дербес қағандық құрып, өзін Елтеріс қаған деп жариялайды (頡跌利施可汗). Бұл тарихта екінші Түрік қағанаты деп аталды. Құтлық қаған түріктің Асадыр тайпасынан шыққан данышпан, ұлы ойшыл әрі әскери стратег Тоныкөктің (瞰欲穀) ақыл-кеңесімен мемлекетте темірдей қатаң тәртіп орнатады. Елтеріс Құтлық қаған Таң патшалығына қарсы да талай мәрте соғыс салып, Таң сардары Суань Баобидің он үш мың әскерін түгел жояды. Оның осыншама көп шайқастарда жеңіске жетуіне Білге Тоныкөктің ақыл-кеңесі де себепші болды. Таң астанасы Чанань қаласында қару өнері мен әскери білімді жетік меңгерген ол Елтеріс Құтлық қағанмен бірге Түркі қағанатын қайта құруға ат салысса, қағанат құрылғаннан кейін де Бөгчор¹⁹ және Мойынчор (қытайша Можилан – 默棘連, кейінгі Білге) қағандарға ақылшы болып, қағанаттың гүлденуі үшін «қара терін ағызып, қызыл қанын сарқа жұмсады». Осы оқиғалар Білге Тоныкөк ескерткішінде былайша баяндалады: «(түркі қауымының) орман, тау

арасында қалғаны жиылып жеті жүз болды. Екі бөлігі атты еді, бір бөлігі жаяу еді...арық бұқалы, семіз бұқалылар жырақта ептесер... осылайша ойлады. Одан соң Тәңірі білік берген соң өзім қағанмен ұғыстым. .. түстікте -Табғашты, шығыста - қытанды, терістікте - оғызды көп жойды. Білік иесі, сөз иесіне мен бағындым. Шұғай құзын, Қарақұмды мекендеуші едік» (Тоныкөк ескерткіші, батыс беті, 6-7 жол) [11; 452 б.].

Бұл кез император Тан Гаоцзунның қайтыс болып, билікті императрица У Цзытянь өз қолына алған, елдің ішкі бөлігінде тақ таласы өршіген кез еді. Түріктер осы орайдан пайдаланып ықпал күшін кеңейтіп үлгірді. Елтеріс Құтлық қаған түркі жұртын өз төңірегіне одан ары топтастыра түсу үшін, билік орталығын түркілердің ежелгі кіндік жұрты Өтікен тауына көшірді. Сөйтіп, Алтай тауы арқылы бұрын екіге бөлініп қалған батыс және шығыс түркі тайпаларын қайтадан бір тудың астына топтастыруға күш-қайратын сарқа жұмсады. Шығыс түріктердің Батыс түріктерге қаратқан жаза жорықтары Ханғай тауынан Гоби Алтайы, немесе Күнгей Алтай, одан ары Тарбағатай, Арқас (Жоңғар Алатауы) таулары арқылы жүріп өтті. «Көне Таң кітабында» 692 жылдары Батыс Түріктің бекзадасы Ашына Сянь (阿史那献) туралы «ұлысын бірте-бірте Бөгчор мен Үжелі жаулап алғандықтан, Ашина Сянь өз еліне қайтып бара алмады» [25; 4461 б.] делінеді. Бұл Бөгчордың осы кезде Он оқтардың жерін өздеріне қосып алып, бұрынғыдай Ұлы қағанат құруға әрекеттенгенін көрсетеді. Сонымен бірге, кітапта тағы да чуйгун жылдарынан²⁰ соң, Он оқ ұлысы Түрік Бөгчордың сұғанақтығына ұшырап, өлгені өліп, тозғаны тозып жоғалды. Батыс Түріктің Ашына әулетінің үстемдігі осылай аяқталды» [25; 4462 б.] делінеді. Яғни, Істемиден тараған Батыс Түрік қағанатының кейінгі ұрпағы VII ғасырдың соңына келгенде Таң империясының сына саясатының кесірінен бір-бірімен жауласып, ақыр соңында жаңадан бой көтерген Екінші Түркі қағанаты тарапынан жазаланды. Он оқ қағандары

¹⁹ Бөгчор(默啜), көне түркі ескерткіштерінде Қапаған. Екінші Түркі қағанатының екінші қағаны.

²⁰ Чуйгун жылдары императрица У Цзытянь билігінің алғашқы жылдары, яғни, 685-689 жылдар.

Таң империясының алдауына түскендіктен, Шығыс түрік қағаны Бөгчор (Қапаған) олардың жеріне арт-артынан шапқыншылық жасады. Олардың кейбірі өліп, кейбір Таң империясының астанасын барып паналады.

Осы кезде Батыс Түріктегі Ашина әулетінің қайырымсыздығы мен сатқындығынан шаршаған Он оқ халқы Түркеш Өжеліні хан көтерді. Олар алғашында Таң империясына да, Түркі Ашина ақсүйектеріне де қарсы болды. Өз алдарына тәуелсіз қағанат құрып, Түркі қағанатынан дербестенуді ойлады. Бұл жаңадан құрылған, бұрынғы Батыс Түрік пен Шығыс Түріктің жерін қайтадан біріктіруді көздеп отырған Шығыс Түрік ақсүйектерінің қалауына қайшы еді. Бұл жайлар Күлтегін, Білге қаған ескерткішінде де жазып қалдырылған. Онда: «Түркеш қаған түркіміз, халқымыз еді, білместігі үшін жаңылғаны үшін өлді. Бұйрығы (қолбасшысы), бектері де өлді. Он оқ халқы азап көрді» [8; 174 б.], - делінеді. Сөйтіп, Екінші Түркі қағанатының үшінші қағаны Білге қаған мен оның інісі Күлтегін түркештерге қарсы жаза жорығын бастады. Өйткені, бұл аралықта Таң ордасы да түркештерді Шығыс Түрікке қарсы қайрап салып отыр еді. Таң империясының жан-жақтылы жоспарлауымен, Түркеш, Қырғыз, Яғлақар, Қытанелдері төрт тараптан Өтікендегі Түріктің қаған ордасын қоршауға алмақ болды. Ол туралы Тоныкөк ескерткішінде: «Біз Алтын жынысына (Алтай тауына) барып отырдық. Үш көріпкел (барлаушы) кісіміз келді. Сөзі бірееу. Түркеш қаған қолын көтерді. Он иелік қолы түгел көтерілді. Жарыс жазығына жиналамыз депті... Бұл сөзді естіп қол аттандырдық. Алтын жынысын жолсызбен астық. Ертіс өзенін өткелсізден кештік. Түнқаттық. Біз Болчуда таң ата шабуылдадық. Тіл келтірді. Сөзі мынау. Жарыс жазығында он түмен қол жиналыпты. Бұл сөзді естіп бектер қауіптеніп: айналайық (қайтайық)! Таза ұятты игі (өлімнен ұят күшті) деді. Мен былай дедім: Мен білікті Тоныкөк: Біз Алтын жынысын асып келдік, Ертіс өзенін кешіп келдік. Келушілер батыр! Олар бізді түсінбеді. Тәңірі, Ұмай, киелі Жер, Су бізге бұрылып тұр екен. Неге қашамыз? Біз көп екен деп неге

қорқамыз? Біз азбыз деп неге басындырамыз! Шабамыз дедім. Шабуылдадық. Талқандадық. Екінші күні тағы келді. Өртше қызыл (жалын атып) келді. Тардұш шады екеуміз (екеу ара) басқарып талқандадық. Қағанын тұттық. Ябғұсын, шадын сонда өлтірдік. Елдік тағын тұттық біз» [8; 224 б.], - делінеді. Бұдан Екінші Түркі қағанаты құрылғаннан кейін, Алтай тауының жалғасты түрде Батыс Түрікпен арадағы шекара болғанын, әрі осы реткі Жарыс жазығындағы шайқастың түркілердің саяси тарихында айырықша маңызға ие болғанын көреміз. Осында айтылып отырған Жарыс жазығы Ертіс өзенінің, нақты айтқанда Ертістің жоғарғы саласы болып табылатын Қара Ертістің сол жағалауындағы қазіргі Ақдала (Aqdala) жазығы. Өйткені, ол Өтүкеннен Он оқтарға шыққан қалың қол бірден басып өтетін Өр Алтай өңірінде орналасқан. Ертістің қалған бойында Алтай тауына жақын жатқан ондай жазық жоқ.

Алтайдың күнгеі бетіндегі Жарыс жазығында болған сол шайқастан соң, түркештер ойсырай жеңіліп, қалған қосындары Он оқ жеріне және одан да ары Темір-қапыққа қарай қашады. Бұл оқиға Күлтегін, Білге қаған ескерткіштерінде де жазылған. Орхон бойындағы көне түркілердің өз қолымен жазылған, мың үш жүз жылдан бері еш өзгеріске түспей бізге жеткен аталмыш ескерткіштерге жүгінсек, бұл шайқасқа Күлтегін, Білге қаған және Тоныкөк үшеуі де қатысады. Шығыс түріктер Он оқ жерін басып алған соң, онда өз қалауы бойынша тәртіп орнатады. Яғни, Өтүкенге тіке бағынатын бек тағайындайды. Ол туралы Күлтегін мәтінінде: «Атамыз, бабамыз тұтқан жер-су иесіз қалмасын деп аз халықты құрап, ...Барыс бек (оларға) бек болды. Қаған атағын бұнда біз бердік. Сіңілім, хан қызын бердік. Өзі жаңылды, қағаны өлді. Халқы күң, құл болды» [11; 265 б.], - дейді.

Түркі қағанаты осылай күшейіп тұрған кезде, Алтайдың тарих сахнасына қарлықтар шықты. Олар Алтай тауы, Сайхан, Сауыр, Тарбағатайды мекендеді. Бұл туралы Су Бәйхай «Ұлы шөлдің солтүстігі мен Орта Азия түгелдей түркілердің қоластында

тұрғанда, олардың тізесі ұйғыр, қарлұқ, басмыл тайпаларына қатты батты. Сол себептен, бұл тайпалардың қарсылығы да күшті болды. Түркі ақсүйектеріне қарсы соғыс кезінде, ұйғыр, қарлұқ, басмыл, түркеш этностары өзара бірігіп, түріктердің езгісі мен құлдануына қарсы шығып, ең соңында Екінші Түркі қағанатын тақтан тайдырды»[29; 36-37 бб.],- дейді.

Жоғарыда басмылдар туралы тоқталғанда, олардың Екінші Түркі қағанатын аударып тастауда негізгі рөлді ойнағанын тілге тиек еткен едік. Б.д. 744 жылы Екінші Түркі қағанаты ішкі-сыртқы саясатында дағдарысты жағдайды бастан кешті. Осы кезде басмылдар оғыздардың (ұйғырлардың) және қарлықтардың көмегімен Шығыс Түрік қағаны Өзміш қағанды өлтіріп, қағанатты күйретті. Басмылдардың көсемі өзін Елтеріс қаған деп атап Басмыл қағанатын құрды және ұйғырлардың басшысы Құлбойланы сол қол ябғұ етіп тағайындады. Бірақ Құлбойла Таң Суанцзунға амаңдаса барып, «фэн-и-ван» (奉义王-берілген бек) деген атақ алады және артынша оған Таң ордасы тарапынан тағы да Хуайжэн (怀仁-мейірімді) қаған деген атақ берілді. Екі жылдан соң Басмыл қағанаты Құлбойла бастаған ұйғырлар тарапынан жойылды. Елтеріс қаған өлтірілді. Сөйтіп, Орхон Оғыз (ұйғыр) қағанаты құрылды. Қағанаттың батыс бөлігі Алтай тауын және оның маңындағы жерлерді өз ішіне алып жатты.

Көне түркілердің мәдени мұрасы ретінде Алтай өңірінде олардың сан ғасырлық көне таңба-жазулары сақталып қалды. Мұндай жазулар Ресей шекарасы ішіндегі Алтайдың Чарыш, Тұяқты, Қурай, Жалғыз-төбе, Мөңдер-соққан III, IV, Талду-Айыр, Иня, Ялбақташ I, II, V және Моңғол Алтайының Бес-Боғда, Цаған-Толоғай, Бәгер, Долодой, Ачитнур (Ащыкөл) мәтіндерінде сақталған. Алтайдағы бұл майда жазулардың бәрі V –VI ғасырларда пайда болған. Осы және Енисей өлкесіндегі майда жазулар туралы алғаш рет Д. Г. Мессершимидтен (1685-1785) бастап, ғалымдар үш ғасыр бойы зерттеу жүргізді. 1889 жылы О. Доннер Енисей жазуының

алғашқы атласын баспалдан шығарса [30; 17 p.], 1894-1899 жылдары В. В. Радлов [31; 1034 p.], 1952 жылы С. Е. Малов [32; 116 с.], 1983 жылы Д. Д. Васильев [33; с.126.], 1990, 1994 жылдары И. Л. Қызласов [34; с. 42-72] іргелі еңбектер жазды. Бұдан өзге Э. Р. Тенишев [35; с. 62.]; [36; с. 262-265.], В. М. Надеяев[37; с. 82-84.] секілді ғалымдар да Таулы Алтайдағы түркі дәуіріне тән майда жазулар мен мәтіндерді зерттеді. Жақын жылдары Қ. Сартқожа И. Л. Қызласовтың Енисей жазуларына жүргізген сараптамалары мен салыстыруларын толық пайдалана отырып, Енисей, Алтай, Орхон жазуларының өзара сабақтастығы мен байланысын зерттеді. Сөйтіп, Енисей мен Саян-Алтай аралығында пайда болған 41 көне таңбаның 36 данасы Орхон мәтіндеріндегі таңбамен бірдей екені анықтады [4; 167-171 бб.]. Демек, түркілер Орхон ескерткіштерін жазып қалдырудан әлде қайда бұрын руникалық таңба белгілерін өмірге әкелген. Онымен тас бетіне өз ойларын, аты жөндері мен ру-тайпасын жазып қалдырған. Бұл белгілерді сол заманның төл құжаты деуге болады.

Ғылыми жаңалығы мен нәтижесі

- Алтайлық ареалдағы көне түркілерге байланысты ежелгі аңыз-әңгімелер бір жерге жинақталып, талдау жасалды;
- Көне түркі этногенезіне байланысты Гаошэ, Динлин тайпаларының Алтайды алғаш мекен етуі және олардың көші-қоны зерттелді;
- Көне Түріктердің Алтай мен Боғда арасындағы алғашқы әрекет аймағы айқындалды;
- Көне түркілердің Боғда мен Алтайда теміршілікпен айналысуы және сол негізде дамып тарих сахнасына шыққаны зерттелді;
- Басмыл және Тоғыз оғыздардың Ханғай тауынан Алтайға қоныс аударуы және Сиренда (суэяньто) тайпасының Шығыс Түркі қағанаты жойылған соң Алтайдан Өтүкенге қоныс аударуы қарастырылды;
- Таң империясының Батыс Түркі қағанатына шапқыншылығының Алтай арқылы болғаны қарастырылды;

– Екінші Түркі қағанаты кезіндегі көне түркілердің Алтай арқылы Түркештерге жасаған жорықтарының бағыты, Ертіс өзені мен Жарыс жазығының бойындағы шешуші соғыс болған жерлер деректер арқылы айқындалды.

Қорытынды

Мақалада біз Алтайлық ареалдағы көне түркілердің пайда болуына қатысты аңыз-әфсаналардан бастап, олардың осы өлкеде тамыр тартып, өсіп-өнуі және Алғашқы Түркі қағанатын құрып, Еуразиялық кеңістікте айырықша рөл ойнағаны туралы зерттеулер жасадық. Бұдан бұрын түрлі деректер мен зерттеу еңбектерінде Алтай туралы азды-көпті айтылса да, сол деректер мен зерттеу нәтижелері жинақталып, белгілі бір тақырып аясында қарастырылмаған еді. Біз бұл мақаламызда деректер мен

зерттеу материалдарын және жаңаша көзқарастарды бір-бірімен салыстыра қарау арқылы, түркі дәуіріндегі Алтайдың тарихи-географиясын айқындауға тырыстық. Мұның өзі легендарлық, тайпалық және мемлекеттік деп аталатын үш кезеңге жинақталды. Зерттеу нәтижелері ретінде біз ең әуелі көне түркілер мен Алтайдың этно-мәдени, рухани байланысын ашуға тырыстық. Көне түркілердің Алтайдың және оның төңірегіндегі аймақта өсіп-өнгенін; олардың этникалық тегіне тікелей қатысы бар Гаошэ, Динлин, Басмыл және Тоғыз оғыздардың көші-қонын; олардың ішінен өсіп шыққан Ашина әулетінің саяси белсенділігін, Түркі қағанаты кезіндегі Алтайға қатысты түрлі саяси оқиғаларды хронологиялық тәртіппен жүйелеп, зерттеп-зерделедік. Бұл өз кезегінде түркітану мен алтайтану ғылымының ауқымын кеңейтуге, Қазақстанның өлке тарихын байытуға қызмет етеді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Ли Яньшоу 李延寿. Солтүстік хандықтар тарихы 北史. // Жиырма төрт тарих. Толық аударма 二十四史全译. 4-том. 第四册. Пекин. Тонсин баспасы 北京. 同心出版社. 2012. - 2712 б.
- 2 Линху Дэфэнь, Еженхан Б., Ошан Ж. (ауд.) 令狐德棻. Чэоу кітабы 周书. 50-орам. 50-көлем, 42-бөлім. 42-көлем. Түріктер 突厥. аударма және түсініктер 译注 Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. / Линху Дэфэнь Б. Еженхан, Ж. Ошан. – Алматы: «Дайк-Пресс». 2006. - 477 б.
- 3 Токарев С. А. 谢. 亚. 托卡列夫著. Вэй Цинчжэн ауд. 魏庆征译. Религия в истории народов мира 世界各民族历史上的宗教 / С.А. Токарев. - Пекин: ҚХР Қоғамдық ғылымдар баспасы 北京. 中国社会科学出版社, 1988. - 450 б.
- 4 Сартқожа Қ. Байырғы түрік жазуының генезисі / Қ. Сартқожа. - Астана: Арыс, 2007. - 301 б.
- 5 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр- аңыздар / Ә. Марғұлан. - Алматы: Жазушы. 1985. - 368 б.
- 6 Кызласов Л.Р. История Южной Сибири в середине века / Л.Р. Кызласов. - Москва: Высшая школа. 1984. - 167 с.
- 7 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности / С.Е. Малов. - Москва: Наука, 1951. - 451 с.
- 8 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары / Қ. Сартқожаұлы. - Астана: KUL-TECIN баспасы, 2003. - 392 б.
- 9 Вэй Чжэн. 魏徵等. Суй кітабы. 隋书. том 84-көлем. 84-көлем. Түрік баяны 突厥传 译注 Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. - 477 б.
- 10 Tomas Barfield. 巴菲尔德著. Wang Jian ауд. 袁剑译. The Perilous Frontier: Nomadic Empires and China 危险的边疆. 游牧帝国与中国 - Nanjing: Phoenix Publishing & Media Group. 2011. - 409 б.
- 11 Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткіштерінің толық атласы. I т. / Қ. Сартқожаұлы. - Астана: Арыс, 2019. - 509 б.
- 12 Линь Гань 林干. Түрік және көне ұйғырлар тарихы 突厥与回纥史 / Линь Гань. - Көкход: Ішкі Моңғолия Дикуан баспасы 呼和浩特. 内蒙古地矿印刷厂, 2013. - 500 б.

- 13 Лю И-тан. 刘义堂. Ұйғырлар туралы зерттеулер 维吾尔研究. Тайбэй. Чжэнчжун кітап мекемесі.台北: 正中书局印行. -1975. - 584 б.
- 14 Фэн Чэнцзюнь 冯承钧. Гаошэлардың батысқа көшуі және Гаошэ Шаньшань мемлекеті түпргындарының бытырап кетуі. 高车之西徙与高车鄯善国人之分散// Фужэн ғылыми журналы 辅仁学志. - 1942. - № 11. 第11卷, - 228 б.
- 15 McGovern W. M. 麦高文. Early empires of Central Asia 中亚古国史. - Пекин: Чжунхуа кітап мекемесі. 北京: 中华书局, 1958. - 306 б.
- 16 Farker E. H. 鞑靼千年史 A Thousand Years of the Tartar. Сян Да ауд. 向达译. - Шанхай: Шан-у баспасы. 上海. 商务印书馆, 1937. - 287 б.
- 17 Ян Цзяньсинь 杨建新. Қытай азшылық ұлттарының тарихы. 中国西北少数民族史. Пекин. Ұлттар баспасы. 北京. 民族出版社. - 2012. - 648 б.
- 18 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. Алматы: Раритет, 2011. - 431 б.
- 19 Жаңа Таң кітабы. 新唐书回鹘列传// Жиырма төрт тарих. 二十四史全译. VIII том. 第八册. Пекин. Тунсин баспасы. 北京. 同心出版社. - 2012. - 4997 б.
- 20 Денстинус С. Византийские историки. Менадр Византиец. Переведенные с греческого Спиридоном Дестунисом (Переведенные с греческого при С. Петербургской духовной академии). / С. Денстинус. - Санкт Петербург: Наука, 1860. - 496 с.
- 21 Қайыржан К. 卡克西. 海尔江主编. Қытай тарихнамаларындағы қазаққа қатысты деректер 中国史书中有关哈萨克族族源史料选译(哈文). II т. 第二卷. - Пекин: ұлттар баспасы 北京. 民族出版社. - 2003. - 966 б.
- 22 Чжоу кітабы. Вэнь Цзының өмір баяны. 周书. 文测传 [Электрон. ресурс]. - 2021 - URL: http://m.duzazhi.com/book/62_62554/1586469_2.html (дата обращения 10.06.21).
- 23 Ван Чжилай. 王治来. Орта Азия тарихы. Ерте заман бөлімі. I том. 中亚通史. 古代卷. 上. - Үрімжі: Шынжаң халық баспасы. 新疆人民出版社. - 2004. - 371 б
- 24 Chavannes Edouard 沙畹. Documents sur les Tou-Kiue (Turcs) occidentaux. 西突厥史料: Чжунхуа кітап мекемесі 中华书局, -1958. - 339 б.
- 25 Көне Таң кітабы. Түріктер баяны 旧唐书. 突厥传// Жиырма төрт тарих. 二十四史全译. VI том. 第六册. - Пекин: Тунсин баспасы, 北京. 同心出版社. 2012. - 4647 б.
- 26 Линь Гань. 林干. Батыс Түркі тарихындағы кейбір мәселелер. 略论西突厥史中的若干问题 // Түркі және көне ұйғырлар тарихы туралы ғылыми мақалалар жинағы. I том. 突厥与回鹘历史论文集. 上. Пекин. Чжунхуа кітап мекемесі. 北京. 中华书局出版社. -1987. - 594 б.
- 27 Қайыркен Т. З. Күлтегін ескерткіші. Тарихи-деректанулық талдау. Монография. - Алматы: Асыл кітап, 2019. - 309 б.
- 28 Қайыркен Т. З. Көне түркі ескерткіштеріндегі қытай жазбалары. Монография. - Павлодар, 2010. - 516 б.
- 29 Су Бэйхай. Қазақтың жалпы тарихы. Ерте заманнан XX ғасырдың алғашқы жартысына дейін. Төрт томдық зерттеу. II том. Қазақ ұлтының дамуы. Ауд. Т.З. Қайыркен. - Алматы: «Асыл кітап» баспа үйі, 2019. - 744 б.
- 30 Donner O. Inscriptions de I' Ienissei. Helsingfors. - 1889. -17 p.
- 31 Die alttürkischen Inschriften der Mongolei (Древнетюркские надписи Монголии), вып. 1 и 2, - Санкт Петербург, 1899. - 1034 p.
- 32 Малов С.Е. Енисейская письменность тюрков / С.Е. Малов. - Москва: Наука, 1952. -116 с.
- 33 Васильев Д.Д. Корпус тюркских рунических памятников бассейна Енисея / Д.Д. Васильев. - Ленинград: Наука, 1983. -128 с.
- 34 Кызласов И. Л. Новая руническая письменность Южной Сибири // Археология Горного Алтая. - Горно-Алтайск. - 1988. - С 42-72.
- 35 Тенишев Э. Р. Руническая надпись на утесе р. Чарыша (Алтай). - 1958, - С. 62-66.
- 36 Тенишев Э. Р. Древнетюркская эпиграфия Алтая // Тюркологический сборник. - Москва, 1966. - С. 262-265.
- 37 Надеяев В. М. Древнетюркские надписи Горного Алтая // Алтайский язык на современном этапе его развития. - Горно-Алтайск. - 1984. - С. 82-84.

Т.З. Каиркен

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Историческая география Алтая в эпоху Тюркского каганата (VI-XIII вв.)

Аннотация. В статье исследованы политические, экономические и культурные изменения, происшедшие в Алтайском ареале в эпоху, в которой жили древние тюрки и основали каганат (V-VIII вв. до н. э.). Для этого, прежде всего, рассматривались различные этносы (гаошэ, динлин, тогыз Огуз, басмыл), населявшие Алтай и его окрестности накануне тюркской эры, их этническое отношение к синим туркам, миграция, политические связи. Вместе с тем, придавая большое значение легендам и историям об истоках развития и государственности синих турок, автор изучил их первый тюркский каганат, расположенный в окрестностях Алтая, его разделение на два крыла: Восток-Запад, а также взаимоотношения Западно-Тюркского каганата и Восточно-Тюркского каганата с Танской империей. Отражено геополитическое положение Алтайского края. Это связано с тем, что Алтайский край играет ведущую роль в мировых исторических процессах. Три большие империи зародились на Алтае и оказали влияние на всемирную историю. Это империи хуннов, синих турок и Чингисхана. В статье подчеркивается роль и место Алтая в духовной жизни тюркских народов путем тщательного изучения различных ситуаций, характерных только для тюркской эпохи.

В первой части рассматривается роль Алтая в выходе тюрков на историческую сцену. Впервые рассмотрены как единый историко-географический регион северо-восточная часть Восточного Туркестана (Синьцзянский край КНР), где расположены горы Богда, Байтик и Алтай, а также подножия Алтая, Горный Алтай, Саяны и Енисейская равнина, то есть Алтайский ареал.

В статье показаны духовная, хозяйственная и политическая роль Горного Алтая в становлении государства и процветании тюрков, находящихся в центре этого необъятного пространства, их влияние на внешний мир. С этой целью большое значение придавалось историко-географическим признакам, отраженным в легендах о происхождении тюрков, которые зафиксированы в таких исторических источниках Китая, как «История северных ханств», «Книга Чжоу», «Книга Суй». Все эти данные свидетельствуют о том, что древние тюрки жили во второй половине V в. до н. э. на территории от Северного предгорья Гаочана (Идикута) до Горного Алтая и его окрестностей. Так как же называли раньше тюрков и в каких землях они жили? Чтобы ответить на этот вопрос, во второй части статьи кратко остановимся на истории нескольких этносов, сформировавших тюрков. Это Динлин, Гаошэ, Басмыл и Тогыз Огузы, которые издавна населяли Алтай и создавали одно государство за другим. В статье в хронологическом порядке рассмотрены их выход на историческую сцену, взаимосвязи, миграция и культурно-хозяйственное развитие.

Третий раздел был посвящен изучению политических событий, происходивших на Алтае во времена Тюркского каганата. В середине VI века, как утверждается в «книге Суй», тюрки образовались из племени тели, населявших Алтай. Это были суэянто (xueyantuo), Дэлэ-эр (Dieleer), Шипань (Shipan), Даци (Daqi), которые населяли в числе 41-го племени тели юго-запад Горного Алтая, широко раскинувшись от озера Байкал до реки Волга, на юге до Еренкабырга (северного подножия Тянь-Шаня). В 546 году другие племена тели, включавшие огузов, объединились и перешли в наступление против жужанов. Тумен Каган поднял племена тели, возглавил восстание и перевел на свою сторону 50 тысяч воинов. С этого момента их сила увеличилась. В статье также подчеркивается, что при Тюркском каганате Алтай являлся центром, а затем и границей Восточного и Западно-тюркского каганатов, события, происходившие здесь, затрагивали каждую из сторон. Вместе с тем были рассмотрены крупные события, происходившие на Алтае и повлиявшие на политическую жизнь Восточного и Западно-тюркского каганатов.

Ключевые слова: Алтай и гора Богда; предыстория тюркского времени; легенды о тюрках; Алтайско-Саянский край; киргизы; обработка железа; торговля; культура письма.

References

- 1 Li Yan'shou. Soltustik handyktar tarihy. Zhiyrma tort tarih. [History of the northern Khans. Twenty-four histories. Full translation], (Tonsin baspasy, Beijing, V.4, 2012, 2712 p.), [in Chinese].

- 2 Linhu Defen' (translated by B. Ezhenhan, Zh. Oshan.) Cheou kitabı. Turikter. audarma zhane tusinikter Kazakstan tarihy turalı Kytaj derektemeleri. IV tom. Aulettik tarihi zhylnamalar. [Chow's book. The Turks. translation and interpretation. Chinese details about the history of Kazakhstan. Dynastic historical annals. Part 2. Translation.], («Dajk-Press», Almaty, Vol. IV, 2006. - 477 p.), [in Kazakh].
- 3 Tokarev S. A. Vej Cinchzhen aud. Religiya v istorii narodov mira [Religion in the history of the peoples of the world], (KHR Kogamdyk gylymdar baspasy, Beijing, 1988, 450 p.), [in Russian].
- 4 Sartkozha K. Bajyrgy turik zhazuynyn genezisi [Genesis of the ancient Turkic script], (Arys, Astana, 2007, 301 p.), [in Kazakh].
- 5 Margulan A. Ezhelgi zhyr- anyzdar [Ancient poems and legends], (Zhazushy, Almaty, 1985, 368 p.), [in Kazakh].
- 6 Kyzlasov L.R. Istoriya Yuzhnoj Sibiri v sredine veka [History of South Siberia in the middle of the century], (Vysshaya shkola, - Moskva, 1984, 167 p.), [in Russian].
- 7 Malov S.E. Pamyatniki drevnyeturkskoj pis'mennosti [Monuments of the ancient Turkic script], (Nauka, Moskva, 1951, 451 p.), [in Russian].
- 8 Sartkozhauly K. Orhon muralary [Orkhon heritage], (KUL-TECIN baspasy, Astana, 2003, 392 p.), [in Kazakh].
- 9 Vej Chzhen. Suj kitabı. Turik bayany. Kazakstan tarihy turalı Kytaj derektemeleri. Aulettik tarihi zhylnamalar [Turkish story. Chinese requisites on the history of Kazakhstan. Family historical annals], («Dajk-Press», Almaty, 2006, Vol. IV, part 2, 477 p.), [in Kazakh].
- 10 Tomas Barfield. Wang Jian aud. The Perilous Frontier: Nomadic Empires and China, (Phoenix Publishing & Media Group, Nanjing, 2011, 409 p.), [in Chinese].
- 11 Sartkozhauly K. Orhon eskertkishterinin tolyk atlası [Complete atlas of Orkhon monuments], (Arys, Astana, 2019, Vol. 1, 509 p.), [in Kazakh].
- 12 Lin' Gan'.Turik zhane kone uigyrlar tarihy [History of Turks and ancient Uighurs], (Ishki Mongoliya Dikuan baspasy, Kokkhod, 2013, 500 p.), [in Chinese].
- 13 Lyu I-tan. Uigyrlar turalı zertteuler, [Research on Uyghurs], (chzhenchzhun kitap mekemesi, Tajbej, 1975, 584 p.), [in Chinese].
- 14 Fen Chenczyun'. Gaoshelardyn batyska koshui zhane Gaoshe Shan'shan' memleketituprgyndarynyn bytyrap ketui. Fuzhen gylymi zhurnaly [The westward migration of the Gaoshe and the disintegration of the Gaoshe Shanshan state. Fujian Scientific Journal]. 1942. No. 1. Vol.11, P. 228, [in Chinese].
- 15 McGovern W. M. Zhōng yà gǔguó shǐ [Early empires of Central Asia], (Chzhunhua kitap mekemesi, Pekin, 1958, 306 p.), [in Chinese].
- 16 Farker E. H. Dá dá qiānnián shǐ [A Thousand Years of the Tartar], (Shan-u baspasy, Shanhaj, 1937, 287 p.), [in Chinese].
- 17 Yan Czyan'sin' Yángjiàn xīn [History of Minorities in Northwest China], (National Publishing House, Beijing, 2012, 648 p.), [in Chinese].
- 18 Kelimbetov N. Turki halyktarynyn ezhelgi adebi zhadigerlikteri [Ancient literary relics of the Turkic peoples], (Raritet, Almaty, 2011, 431 p.),
- 19 Xīn táng shū huíhú lièzhuàn [Biographies of Uighurs in the New Tang Book]. Èrshísi shǐ quán yì. Dì bā cè [Complete Translation of Twenty-Four History. Volume Eight]. (Tongxin Publishing House, Beijing, 2012, 4997 p.), [in Chinese].
- 20 Denstinus S. Vizantijskie istoriki. Menandr Vizantie. Perevedennye s grecheskago Spiridonom Destunisom (Perevedennye s grecheskago pri S. Peterburgskoj duhovnoj akademii) [Byzantine historians. Menander the Byzantine. The Greek by Spiridon Destunis (Translated from the Greek by the St. Petersburg Theological Academy)], (Nauka, Saint Peterburg, 1860, 496 p.), [in Russian].
- 21 Kajyrzhan K. Kǎ kè xī. Hǎi'ěr jiāng zhǔbiān Zhōngguó shǐshū zhōng yōuguān hāsàkè zú zú yuán shǐliào xuǎn yì (hā wén). Í t. Dì èr juǎn [Selected Translations of Historical Materials on the Origin of the Kazakh in Chinese History Books (Kazakh). II t. Volume Two], (National Publishing House, Beijing, 2003, 966 p.), [in Chinese].
- 22 Zhōu shū. Wén cè chuán [Zhou Shu. Wen Bi Biography], Available at:http://m.duzazhi.com/book/62_62554/1586469_2.html, [in Chinese], (accessed 10.06.21).
- 23 Wángzhilái Zhōng yà tōngshǐ. Gǔdài juǎn. Shàng [Wang Zhi came. General History of Central Asia. Ancient Volume. Part 1]. (People's Publishing House, Xinjiang, 2004, 371 p.), [in Chinese].

- 24 Chavannes Edouard. Xī tūjué shǐliào [Documents sur les Tou-Kiue (Turcs) occidentaux Historical Materials of the Western Turks], (Zhonghua Book Company, Beijing, 1958, 339 p.), [in Chinese].
- 25 Jiù táng shū. Tūjué chuán [Old Tang Book. Turkic Biography] Èrshísì shǐ quán yì. Dì liù cè [Complete Translation of Twenty-Four History. Sixth Book], (Tongxin Publishing House, Beijing, 2012, 4647 p.), [in Chinese].
- 26 Lin' Gan'. Lín gàn. Lüè lùn xī tūjué shǐ zhōng de ruògān wèntí [A Brief Discussion on Several Issues in the History of the Western Turks] Tūjué yǔ huíhú lìshǐ lùnwén jí. Shàng [Collected Essays on Turkic and Uyghur History. Part 1], (Zhonghua Book Company Publishing House, Beijing, 1987, 594 p.), [in Chinese].
- 27 Қайыркен Т. З. kultegin eskertkishi. Tarihi-derektanulyk taldau [Monument to Kultegin. Historical and source analysis], (Asyl kitap, Almaty, 2019, 309 p.), [in Kazakh].
- 28 Қайыркен Т. З. Kone turki eskertkishterindegi kytaj zhazbalary [Chinese inscriptions on ancient Turkic monuments], (Pavlodar, 2010, 516 p.), [in Kazakh].
- 29 Su Bejhaj. Kazaktyn zhalpy tarihy. Erte zamannan HKH gasyrдың algashky zhartysyna dejin. Tort tomдық zertteu. II tom. Қазақ ultynyn damuy [General history of the Kazakhs. From ancient times to the first half of the twentieth century. Four-volume study. Volume II. Development of the Kazakh nation], («Asyl kiitap» baspa үji, Almaty, 2019, 744 p.), [in Kazakh].
- 30 Donner O. Inscriptions de l' Yenisei. Helsingfors. - 1889. - P. 17.
- 31 Die alttürkischen Inschriften der Mongolei (Drevnetyurkskie nadpisi Mongolii), vyp. 1 i 2, [Ancient Turkic inscriptions of Mongolia], (Saint Peterburg, 1899, 1034 p.), [in Russian].
- 32 Malov S.E. Enisejskaya pis'mennost' tyurkov [Yenisei written language of the Turks], (Nauka, Moscow, 1952, 116 p.), [in Russian].
- 33 Vasil'ev D.D. Korpus tyurkskih runicheskikh pamyatnikov bassejna Eniseya [The corpus of Turkic runic monuments in the Yenisei basin], (Nauka, Leningrad, 1983, 128 p.), [in Russian].
- 34 Kyzlasov I. L. Novaya runicheskaya pis'mennost' Yuzhnoj Sibiri [New runic writing in Southern Siberia] Arheologiya Gornogo Altaya [Archaeology of the Altai Mountains], Gorno-Altajsk. 1988. P. 42-72, [in Russian].
- 35 Tenishev E. R. Runicheskij nadpis' na utese r. Charysha (Altaj) [Runic inscription on the ridge r. Charysha (Altai)], 1958, P. 62-66, [in Russian].
- 36 Tenishev E. R. Drevnetyurkskaya epigrafiya Altaya [Ancient Turkic epigraphy of the Altai] Tyurkologicheskij sbornik [Türkological collection]. Moskva, 1966. P. 262-265, [in Russian].
- 37 Nadelyaev V. M. Drevnetyurkskie nadpisi Gornogo Altaya [Ancient Turkic inscriptions of the Altai Mountains] Altajskij yazyk na sovremennom etape ege razvitiya [Altai language at the present stage of development]. Gorno-Altajsk. -1984. P. 82-84, [in Russian].

T.Z. Kairken

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Historical geography of Altai in the epoch of Turkic Kaganate (VI-XIII centuries)

Abstract. In the article the political, economic and cultural changes that took place in the Altai area in the epoch, in which the ancient Turks lived and founded the Kaganate (V-VIII centuries BC). For this, first of all, different ethnic groups (Gaoshae, Dinlin, Togyz Oguz, Basmyl) that inhabited Altai and its surroundings on the eve of the Turkic Era, their ethnic relations with the Blue Turks, migration, and political ties were considered. At the same time, attaching great importance to the legends and stories about the origins of the development and statehood of the Blue Turks, their first Turkic Kaganate, which created the Altai Mountains Central, and its division into two wings East-West, the relations of the West Turkic Kaganate and East Turkic Kaganate with the Tang empire were investigated. The geopolitical position of the Altai region in these historical processes is reflected. This is due to the fact that the Altai region plays a leading role in world historical processes. Three great empires that had an active influence on world history were first established in Altai and were widely spread from it. They are the empires of the Huns, the Blue Turks and the Genghis Khan. It is certainly no coincidence that all these empires could become the mainstay of Altai and influence the world. The article stresses the role and place of the Altai in the spiritual life of Turkic peoples, especially its paramount importance, by a careful examination of various situations characteristic only of the Turkic epoch.

The first part deals with the role of Altai in a historical stage of Türks. For the first time it is analyzed as a unified historical and geographical region in the northeastern part of Eastern Turkestan (Xinjiang province of the PRC), where Bogd, Bayt and Altai mountains, Altai and Mountain Altai, as well as Sayan and Oypsei lowlands are located. This is the Altai area that we are constantly talking about. The article reveals the spiritual, economic and political role of the Altai Mountains in the formation of the state and their influence on the outside world and the prosperity of the Turks in the centre of this immense expanse. To that end great importance was attached to historical and geographical signs reflected in the legends about the origin of Türks, recorded in such historical sources of China as «The History of northern khanates», «The book of Chzhou», and «The book of Sui». All these data testify that ancient Türks inhabited in the subsequent half of V century BC from Northern foothills of Gaochan (Idikut) up to the Altai Mountains and its suburbs. So what were the earlier names and where did the Turks walk? To answer that question in the second part of the article we will briefly outline the history of several ethnic groups that formed the Türks. They are Dinlin, Gaoshe, Basmyl and Togyz Oguz, who since ancient times inhabited Altai and established their state one by one. Their entry onto the historical scene, interrelationship, migration, and cultural and economic development in chronological order are investigated in the article. The third section was devoted to the study of political events that took place in Altai during the time of the Turkic Kaganate. In the middle of VI century, the Turks grew out of the Telians that inhabited Altai. They were the Sueyantuo (xueyantuo), Dieleer (Dieleer), Shipan (Shipan), and Daqi (Daqi), inhabiting southwest of the Altai Mountains among 41 tribes stretching widely from Lake Baikal to the river Volga, in the south to the Jetkabyga (northern foothills of Tien Shan), which are mentioned in the «Book of Sui». In 546 other tribes of the Teli, who captured Oguzes, united and went on the offensive against Juzhans. The Tyumen Kagan started the subjugated Teli tribes, ruined them on the road, and took over 50 thousand rubles. From that moment their force increased. The article also emphasized that during the Türkic Kaganate Altai was a centre, and then a border of the Eastern and Western Türkic Kaganates, and the events that took place there affected each side. At the same time the major events that took place in Altai and influenced the political life of Western and Eastern Turkic Khaganates have been considered.

Keywords: Altai and Mount Bogda; the Prehistory of Turkic time; legends about Turks; Altai-Sayan region; Kirghiz; Temirlishevo; trade; writing culture.

Автор туралы мәлімет:

Қайыркен Тұрсынхан Законұлы – т.ғ.д., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Шығыстану кафедрасының профессоры, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Kayirken Tursynkhan Zakonuly – Doctor of Historical Sciences, Professor, Department of Oriental Studies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.